“MENTOR” ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

ÜZDIK QALAM

№42 (12) 2025

ҚР Оқу ағарту министірлігі
№20-3-20-7/1428-И хатында
тіркелген

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛЫ

REPUBLICAN SCIENTIFIC AND
EDUCATIONAL
METHODOLOGICAL JOURNAL

WWW.MENTOR-EDU.COM

«ҮЗДІК ҚАЛАМ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты:

Педагогтердің ғылыми-танымдық әлеуетін дамыту. Басылымы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою туралы №KZ49VPY00083149 куәлігі 2023 жылы 04 желтоқсанында берілген, құжатқа сәйкес 2024 жылдан бастап шығарылады.

Кезеңдік басылым: 1 жылда 24 рет, қазақ, орыс және ағылшын тілінде жарық көреді. Журналда Қазақстан Республикасының арнайы және жоғары оқу орындары, мектепке дейінгі ұйым, ЖББОМ педагогтерінің шетелдік ғалымдар, ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғалымдары орындайтын (орындаған) іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің, эксперименттік әзірлемелердің нәтижелері, сондай-ақ ғылымиақпараттық материалдар және т.б. жарияланады.

ЖАУАПТЫЛАР:

Бас редактор:
Нурбергенова Сауле Турмаганбетовна
Бас редактордың орынбасары:
Давлеткалиева Елизавета Султановна
Редакция алқасы:
Кадирова Зина Кадиркызы
Сулекенова Гульжан Утесиновна
Рысбекова Айнур Маратовна
Муханбедин Аруржан Айбаркызы
Меншік иесі: «Mentor» әдістемелік орталығы (Ақтөбе қаласы)

Редакцияның мекен-жайы: Индексі-030000
Ақтөбе қаласы, А.Молдагулова даңғылы 66/2
Авторлар қолжазбасы, суреттер өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Журналда жарияланған материалдары көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, сілтеме жасалуы міндетті.
Журналға жинақтарыңызды kalam2025@mail.ru. почта арқылы жіберулеріңізге болады.

МАЗМҰНЫ


Айдахмет Нұршашқан Абылайқызы..... 4
Бақытжанқызы Жаннұр..... 7
Батенова Айгуль Бакытжановна..... 9
Баясхан Лиза..... 11
Бегімбетова Ақнұр..... 14
Бекенова Аккуртка Бекболатовна..... 20
Бибулатова Амансулу Базаргалиевна..... 23
Ғалым Мәрмәр Мухитқызы..... 25
Джубаниязова Аружан Канатовна,
Уксумбаева Асель Ануаровна..... 28
Ермагамбетова Гульжанат Уразбаевна..... 31
Жакипова Шынар Абылкасымовна..... 33
Жетесова Нурсулу Сериковна..... 37
Жиенгалиева Аида Сериковна..... 41
Жомарт Айшолпан..... 48
Жубатырова Райхан Шокановна..... 54
Закария Сағыныш Есетқызы 56
Каймолдина Майя Есетовна..... 61
Киреева Айслу Таупазеевна..... 62
Кайрашева Ағлен Асхаткызы..... 67
Кулекеева Айсана Ергалиқызы..... 69
Қалдығарина Гүлдана Қайырғалиқызы..... 71
Қахан Ақмарал Нұрғазықызы..... 76
Марат Гүлназ Маратқызы..... 78
Маратова Гүлзат Мұратқызы..... 83
Медеубаева Кемал Болатқызы..... 84
Миргалиева Галия Сайлыбаевна..... 90
Mynzhasarkyzy Nazgul..... 94
Нұрдәулетова Гүлдана Мұратқызы..... 99
Нұрымбетова Гүлсамал Сағынғалиқызы..... 103
Отаралина Орынгул Мухиядиновна..... 106
Петрова Валентина Николаевна..... 107
Салыкбаева Гульжан Амангельдиевна..... 120
Сарсембекова Гульжанат Сабитовна..... 121
Сердалиева Мирамгуль Аманбаевна..... 123
Сикорская Светлана Викторовна..... 130
Советова Куляш Абдигалиевна..... 133
Сыдықова Айгүл Сражқызы..... 138

МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ «МЕН,МЕН ЕДІМ,МЕН ЕДІМ» ӨЛЕҢІ

Айдахмет Нұршашқан Абылайқызы
Ақтөбе қаласы Халел Досмұхамедұлы атындағы №35 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі


Бөлім:	**«Тарихи шындық пен көркемдік шешім» бөлімі**	
Сынып: 9 «Б»	Қатысушылар саны: 24	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**Махамбет Өтемісұлы «Мен,мен едім,мен едім» өлеңі.**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	**9.3.2.1. Шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру.**	
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар орындай алады: М.Өтемісұлының «Мен, мен едім» шығармасындағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін табады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Шығармадағы ерлік көрінісін заманауи тұрғыда талдайды, салыстырады. Кейбір оқушылар орындай алады: Ұрпақтар сабақтастығының мәнін түсінеді, өмірмен байланыстырып эссе, мақала жазу арқылы жаңашылдығына баға береді	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Білім алушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басталуы 5 минут	Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық көңіл күй тудыру. Сыныпты 3 топқа бөлу.  Тақырыпты болжау: **«Зымыран сұрақтар» әдісі** Тақырыпты болжап, өткен білімдерін қайталау мақсатында сұрақтарға жауап беріңдер. 1. М. Өтемісұлының өмірі туралы не білесіңдер?	**Психологиялық ахуал** **«Мен сені ... батырларға теңеймін»** әдісі арқылы оқушылар шаттық шеңберіне тұрып бір бірін қазақтың батыр ұлдары мен қыздарына теңейді. Сынып қима қағаздар арқылы 3 топқа бөлінеді.	Сабақ басында оқушыларға өзін-өзі бағалауға парақ таратылады. Сол бойынша өздерін бағалайды. Мұғалім «Мадақ сөздер» арқылы бағалау жасайды**.**	 Қима қағаздар http://el.kz/m/articles/view/content-4285 Slider AL ЖИ слайд

	2. Қандай шығармаларын оқыдыңдар? 3. М. Өтемісұлының өлеңдері қазақ тарихындағы қандай оқиғаларға арналған? 4. Махамбет өлеңдерін қандай тақырыпта жырлаған? Дескриптор 1. Сұраққа толық жауап береді. 2. М. Өтемісұлы туралы өткен білімдеріне ой шақырады. 3. Өз ойларымен дәлелдейді. Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстыру ЖИ көмегімен жасалған слайд көрсетіледі.(Slider AL)	Сұрақтарға жауап береді. Білетін бұрынғы ақпараттарын еске түсіреді.		
Сабақтың ортасы 35 минут	Оқушыларға D-Id ЖИ арқылы жасалған автор өзі оқуымен «Мен,мен едім,мен едім » өлеңі көрсетіледі.  **Жұптық жұмыс** **Конверттегі сұрақ» әдісі.**Көркем шығармаларды аудио материялдан тыңда**,**конвертте берілген графикалық органайзерлері (Т – кестесі, қосжазба күнделігі) арқылы берілген тапсырмаларды орында. **«Т – кестесі» әдісі** арқылы өлеңнен Махамбеттің ерлік істерін көрсететін сөздерін теріп жазып талда.	Оқушылар өлеңнін тақырыбы мен идеясын табады. Топта талқылайды. «Т – кестесі» әдісі арқылы өлеңнен Махамбеттің ерлік істерін көрсететін сөздерін теріп жазып талдайды.	**«Әскери шең»** тәсілі арқылы мұғалім бағалайды. **Қолбасшы** - Керемет **Батыр** – Өте жақсы **Сардар** - Жақсы **Қ.Б.«Үш қару» тәсілі.** Бірін бірі бағалайды **Садақ** – керемет **Найза** – өте жақсы **Қалқан** – жақсы	D-Id ЖИ видео Оқулық  

	<table><tr><th>Сөз тіркесі</th><th>түсіндірме</th></tr><tr><td></td><td></td></tr></table> **Дескриптор:** • Шығарманы тыңдайды. • Шығармадағы ұрпақтар сабақтастығын табады. • Ерлікті сипаттайтын сөздерді теріп жазып, талдайды. **Топтық жұмыс** **3 топқа 3 түрлі тарсырма беріледі.** **1-топ.** **Махамбет Өтемісұлы кім? (постер қорғау)**  **2-топ. Махамбетше толғасам... (Шығармашылық жұмыс)**  **3-топ. «Мен,мен едім,мен едім» өлеңінен көркемдегіш құралдарды табу.** 	Топ ішінде берілген тапсырмаларды бірлесіп орындайды. Рөлдердің бірін таңдап, жыр бөлімдерін талқылайды. Шығармашылық жұмыс жасап, өлеңнің көркемдегіш құралдарын табады. .		 Маркер, плакаттар стикер

	Kahoot платформасы арқылы тест белгілеу. Үйге тапсырма: 1. «Мен, мен едім» өлеңін жаттау.	Kahoot арқылы тест белгілеу.	Тест ұпайы телефондарында көрсетіледі.	https://kahoot.it/
Сабақтың соңы 5 минут	**Рефлексия** **Бүгінгі сабақтан алған 3 құнды ақпарат жазу.** **Оқушыларды бағалау.**	Ақпарат парағын толтырып, сабақ жайлы ой бөліседі. 	Жинаған ұпайларын мұғалім Білімкласс платформасына қояды.	



«ҚЫШҚЫЛ, СІЛТІ ЖӘНЕ ТҰЗ ЕРІТІНДІЛЕРІНІҢ РН-ОРТАСЫ. ТҰЗДАР ГИДРОЛИЗІ»

Бақытжанқызы Жаннұр
Ақтөбе қаласы №78 жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясының химия пәні мұғалімі

Бөлім:	10.3 В
Күні:	21.11.2025ж.
Сыныбы:	10 А
Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	10.3.4.1 - ерітіндінің pH мәні бойынша тұздар, қышқылдар және гидроксид ерітінділерінің сапалық құрамын дәлелдеу; 10.3.4.2 - оның сапалық құрамы бойынша тұз ерітінділерінің ортасын болжау
Сабақтың мақсаты:	Тұз ерітінділерінің гидролизі түсіну және қышқыл, сілті және тұз ерітінділерінің pH орталарын анықтауды біледі.
Құндылықтар	Әділдік пен жауапкершілікті айта отырып, білім мен рухани құндылықты қатар алып жүруге үйрету

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы Қызығушылықты	I.Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу. Әділдік пен жауапкершілікті	Ұйымдастыру бөлімі Оқушылар сабаққа дайындықтарын пысықтап, оқу құралдарын алып дайындалады.	Оқушылар, тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталады	«Химия» 10 сынып оқулығы

ояту. 1мин.	айта отырып, білім мен рухани құндылықты қатар алып жүруге үйрету			
Жаңа сабаққа кіріспе 8 мин	«Миға шабуыл» әдісі арқылы өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау.	Оқушылардың алдыңғы білімдерін дебаттық үлгіде pH орталарын анықтау туралы түсініктерін өз позицияларында қорғағандығын тыңдап кері байланыс алған соң, сабағымыздың екінші оқу мақсатын ашу үшін мұғалім презентация арқылы түсіндіреді. Оқушыларға есептің шартын жазып, шығару жолын ұсынуларын сұрайды.	Сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтауға мүмкіндік береді. Балл: 2	BilimClass. Презентация : «Қышқыл, сілті және тұз ерітінділерінің pH-і.Тұздар гидролизі»
Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. 9 мин.	Оқулықтағы жаңа сабақтың мәтініне байланысты Mektep.AI арқылы тапсырмалар береді	Тұз ерітінділерінің гидролизі және қышқыл, сілті және тұз ерітінділерінің pH орталарын анықтаудың тапсырмаларын орындайды 	Тұз ерітінділерінің гидролизі және қышқыл, сілті және тұз ерітінділерінің pH орталарын анықтаудың тапсырмалары Балл 3	 Mektep.AI платформасы
Топтық жұмыс «pH ортасын тап» 15мин	«pH ортасын тап» топтық жұмысында тәжірибелік тапсырманы орындатады, бақылайды, жауаптары мен түсініктерін тыңдап бағаланады	Қышқыл, сілті және тұз ерітінділерінің pH орталарын табиғи көкөністермен анықтау: Топтарға: қызыл қырыққабат,лимон, су, қышқыл, қызыл жуа, сода, сәбіз, сілті беріледі және индикатор қағаздары таратылады	Берілген табиғи тағамдардың pH орталарын анықтайды. Балл 5	https://www.olabs.edu.in/?sub=73&brch=2&sim=28&cnt=66
Сабақтың соңы Рефлексия 7 мин.	«Қорытынды» тәсілі сабақ қорытындыланып, оқушылардан кері байланыс алып, бағалайды.	Оқушылар бүгінгі сабақтың мақсаты, тақырыбы бойынша интербелсенді тақта арқылы сабаққа кері байланысын жасайды.	1-10 баллдық жүйе бойынша оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігі бойынша бағаланады.	Таразы бойынша жинаған баллдары арқылы бағаланады

«ФОРМИРОВАНИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ»

Батенова Айгуль Бакытжановна
учитель начальных классов КГУ «Средней школы №3»
ГУ "Отдел образования города Актобе"

Аннотация. В статье рассматриваются основные подходы к формированию читательской грамотности у обучающихся начальной школы. Раскрываются особенности работы с текстом и эффективные методические приёмы, направленные на развитие осознанного чтения, понимания и анализа информации. Материал адресован учителям начальных классов.

Ключевые слова: читательская грамотность, начальная школа, осознанное чтение, работа с текстом, развитие речи, учебная мотивация, познавательная деятельность, внеурочная работа.

В условиях современного образования особую актуальность приобретает проблема формирования читательской грамотности у обучающихся начальной школы. Чтение является не только базовым учебным навыком, но и важнейшим средством познания окружающего мира, развития мышления, речи и личности ребёнка. Именно в начальной школе закладываются основы осознанного чтения и формируется отношение к книге как источнику знаний, культуры и духовных ценностей.

Современные дети растут в информационно насыщенной среде, где преобладают визуальные образы и короткие тексты. Это оказывает влияние на особенности восприятия информации, снижает интерес к вдумчивому чтению и затрудняет понимание учебных и познавательных текстов. В связи с этим перед учителем начальных классов стоит задача не только обучить технике чтения, но и сформировать у младших школьников читательскую грамотность как способность понимать, анализировать, интерпретировать и использовать информацию, представленную в письменной форме.

Читательская грамотность является основой успешного обучения по всем учебным предметам, поскольку работа с текстом присутствует практически на каждом уроке. Недостаточный уровень её сформированности приводит к трудностям в усвоении учебного материала, снижению познавательной активности и учебной мотивации учащихся. Это определяет необходимость системного и целенаправленного подхода к развитию читательской грамотности в образовательном процессе начальной школы.

Понятие и сущность читательской грамотности.

Читательская грамотность рассматривается как интегративное качество личности, включающее совокупность знаний, умений и навыков, необходимых для полноценной работы с текстами различных типов. Она предполагает не только умение читать правильно и бегло, но и способность осмыслять содержание прочитанного, выделять основную информацию, устанавливать логические и причинно-следственные связи, делать выводы и выражать собственное отношение к тексту.

Для младших школьников читательская грамотность включает следующие компоненты: техническую сторону чтения (правильность, осознанность, выразительность), понимание содержания текста, умение анализировать и интерпретировать информацию, развитие речевых умений на

основе прочитанного, а также формирование устойчивого интереса и мотивации к чтению. Таким образом, читательская грамотность является фундаментом для развития учебной самостоятельности и успешного продолжения обучения на следующих этапах образования.

Психолого-педагогические особенности младших школьников.

Младший школьный возраст характеризуется активным развитием познавательных процессов: внимания, памяти, мышления и речи. Дети данного возраста отличаются эмоциональной отзывчивостью, высокой восприимчивостью к новому материалу и потребностью в одобрении со стороны взрослых. Эти особенности необходимо учитывать при организации работы по формированию читательской грамотности.

Для младших школьников характерно наглядно-образное мышление, поэтому особую эффективность имеют методы, опирающиеся на иллюстрации, схемы, таблицы и другие визуальные средства. Постепенно у учащихся формируется словесно-логическое мышление, что позволяет им анализировать тексты, устанавливать логические связи и обобщать информацию. Важную роль играет развитие речи, так как уровень понимания, прочитанного напрямую зависит от словарного запаса и сформированности устной речи ребёнка.

Роль начальной школы в формировании читательской грамотности.

Начальная школа является ключевым этапом в формировании читательской грамотности. В этот период закладываются основы осознанного чтения, формируется интерес к книге и потребность в самостоятельном чтении. Ведущая роль в этом процессе принадлежит учителю начальных классов, который организует системную работу с текстами, подбирает эффективные методические приёмы и создаёт условия для развития читательской активности учащихся.

Формирование читательской грамотности должно носить системный характер и осуществляться не только на уроках литературного чтения, но и при изучении других учебных предметов. Работа с текстами на уроках математики, русского языка и окружающего мира способствует развитию универсальных умений работы с информацией.

Подбор текстов и методические приёмы работы.

Грамотный подбор текстового материала играет важную роль в развитии читательской грамотности. Тексты должны соответствовать возрастным особенностям учащихся, быть доступными по объёму и содержанию, отражать жизненный опыт детей и способствовать формированию нравственных ценностей.

В практике начальной школы используется система приёмов работы с текстом, включающая этапы до чтения, во время чтения и после чтения. На подготовительном этапе актуализируются знания учащихся и формируется интерес к чтению. Во время чтения осуществляется первичное восприятие текста, уточнение значений слов, выделение основной мысли. После чтения проводится работа по углублённому пониманию содержания, пересказу, анализу текста и выполнению творческих заданий.

Активные формы и внеурочная деятельность.

Использование активных форм обучения, таких как работа в парах и группах, диалог и игровые технологии, способствует развитию коммуникативных навыков и повышению интереса к чтению. Эффективным дополнением является внеурочная деятельность: литературные кружки, конкурсы чтецов, библиотечные часы и проекты, связанные с книгами и авторами.

Роль семьи и оценка результатов.

Семья играет важную роль в формировании читательской грамотности. Совместное чтение, обсуждение книг и поддержка интереса к чтению создают благоприятную читательскую среду.

Оценка уровня читательской грамотности должна носить развивающий характер и быть направлена на поддержку учебной мотивации учащихся.

Формирование читательской грамотности в начальной школе является важнейшей задачей образовательного процесса. Системная работа с текстом, использование разнообразных методических приёмов, активных форм обучения и взаимодействие с семьёй создают условия для успешного развития читательских навыков и полноценной социализации младших школьников.

Использованная литература

1. Айтбаева А. Б. Развитие читательской компетентности младших школьников. — Алматы: Қазақ университеті, 2016.
2. Кулжанова А. К. Методика обучения чтению в начальной школе. — Алматы: Рауан, 2014.
3. Смагулова Г. Н. Развитие речи учащихся начальных классов. — Алматы: Мектеп, 2012.
4. Тажибаева С. Ж. Психолого-педагогические основы обучения младших школьников. — Алматы: Білім, 2015.
5. Шарипова А. К. Формирование функциональной грамотности учащихся начальной школы. — Алматы: Атамұра, 2018.

«ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ»

Баясхан Лиза
«Жетісу облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ж.Жақыпбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің химия пәнінің мұғалімі

Қазіргі білім беру кеңістігі жаңа технологиялармен тығыз байланыста дамып келеді. Соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) – мұғалімнің жұмысын жеңілдететін, оқушының білім алу мүмкіндігін кеңейтетін қуатты құралдардың бірі. Әсіресе химия пәнінде ЖИ қолдану сабақтың мазмұнын тереңдетіп қана қоймай, күрделі құбылыстарды визуализациялау арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырады.

Химия – абстрактілі ұғымдарға толы ғылым. Молекулалардың құрылысы, химиялық реакциялар механизмі, процестер кинетикасы мен термодинамикасы секілді тақырыптар көп жағдайда оқушыдан кең ойлау қабілетін талап етеді. Осындай кезде жасанды интеллект мұғалімге көмекші бола алады. Мысалы, молекулалардың үшөлшемді моделін құрастыруға арналған ЖИ бағдарламалары оқушыға атомдардың байланысын нақты көруге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе «Коваленттік байланыс», «Гибридтену», «Орбитальдар» сияқты тақырыптарды түсіндіруде тиімді.

Жасанды интеллекттің көмегімен виртуалды зертханалар ұйымдастыру да – тиімді шешім. Зертханалық тәжірибелердің барлығын мектепте жасауға мүмкіндік бола бермейді, ал ЖИ негізіндегі симуляциялар реакцияның жүру барысын, қауіпсіздік шараларын және нәтижесін дәл көрсетеді. Мысалы, «Химиялық тепе-теңдік», «Катализ», «Ойланбай араластырма!» секілді тәжірибелерді виртуалды ортада қауіпсіз орындауға мүмкіндік туады.

Сонымен қатар ЖИ оқушылардың білімін бағалау мен жекелендірілген

оқытуда да қолданылады. Химиялық теңдеулерді теңестіру, есептердің шешімін талдау, формулаларды жазу барысында жасанды интеллект қателерді анықтап, түзету жолдарын автоматты түрде ұсына алады. Бұл оқушыға жеке қолдау көрсетіп, химиялық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді.

Химия мұғалімі үшін ЖИ – оқу материалдарын дайындауда да таптырмас көмекші. Қажетті тақырып бойынша презентация, тест, дидактикалық материалдар, зертханалық нұсқаулықтар тез әрі сапалы жасала алады. Мысалы, мұғалім элементтердің периодтық жүйесі бойынша диагностикалық тапсырмалар немесе 9-сыныпқа арналған стехиометриялық есептер жинағын бірнеше минут ішінде әзірлей алады. Бұл педагогтың уақытын үнемдеп, шығармашылықпен айналысуына жол ашады.

ЖИ-дың тиімділігі көп болғанымен, шектеулері де жоқ емес. Ең маңыздысы – жасанды интеллект мұғалімді толық алмастыра алмайды. Химиядағы эксперименттік мәдениет, оқушының зерттеушілік қабілетін қалыптастыру, адамаралық қарым-қатынас тек педагог арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар ЖИ-ды қолдану барысында ақпараттың дұрыстығын тексеру және оны қауіпсіз, этикалық тұрғыда пайдалану маңызды.

Заманауи білім беру жүйесінде жасанды интеллект (ЖИ) – оқу үдерісін жеделдетіп, мұғалімнің жұмысын жеңілдететін, оқушының білім алу сапасын арттыратын маңызды құралдардың бірі. Әсіресе химия пәнінде күрделі ұғымдар мен тәжірибелерді түсіндіру барысында ЖИ технологияларын қолдану сабақтың тиімділігін арттырып, оқушының пәнге деген қызығушылығын күшейтеді.

ЖИ-дің химия сабақтарында қолданудың негізгі бағыттары:

❖ **Күрделі химиялық процестерді визуализациялау.**

Химиядағы атом құрылысы, молекулалардың кеңістіктік моделі, реакция механизмдері сияқты тақырыптарды оқушылар елестету арқылы ғана түсінеді.

ЖИ көмегімен:

✓ атомдардың модельдерін 3D форматта көрсету;

✓ реакция механизмдерін анимация арқылы бейнелеу;

✓ заттардың қасиеттерін динамикалық түрде салыстыру мүмкіндігі туады.

Мысалы: Оқушыға этан мен этилен молекулаларының құрылымдық айырмашылығын ЖИ визуализациялап, реакцияға түсу қабілетін түсіндіре алады.

❖ **Жеке білім траекториясын құру**

Химиядағы түсіну деңгейі әр оқушыда әртүрлі. ЖИ оқушының қателерін талдап, оның әлсіз тақырыптары бойынша жеке тапсырмалар құра алады.

Мысал:

Оқушы қышқылдар мен негіздердің реакция теңдеулерінде жиі қателессе, ЖИ автоматты түрде сол тақырып бойынша деңгейлік есептер мен түсіндірмелі видеосабақ ұсынады.

❖ **Диагностикалық және олимпиадалық тапсырмалар генерациясы**

Химия пәні үшін ЖИ қысқа уақыт ішінде:

- тақырыптық тесттер;
- күрделі есептер;
- практикалық тапсырмалар;
- пәндік олимпиадаға арналған қиын деңгейлі есептер дайындап бере алады.

Мысалы: Оқушылардың аралық диагностикасын өткізу үшін 20 сұрақтық тестті мұғалім бір минутта да әзірлей алады.

❖ **Виртуалды зертханалар**

Қауіпті реакциялар немесе қымбат реагенттер қажет болатын тәжірибелердің барлығын ЖИ негізіндегі виртуалды лабораторияларда қауіпсіз орындауға болады.

Пайдасы:

- оқушылар тәжірибені шынайы түрде көріп, нәтижесін болжайды;
- қауіпсіздік ережелерін түсінеді;

• реакция жылдамдығы, температура, концентрация әсерін өзгертіп, модельдеу жасай алады.

Мысал: Нақты лабораторияда орындауға қауіпті «таза оттекті алу» тәжірибесін виртуалды түрде модельдеу.

❖ **Химиялық есептерді кезең-кезеңімен шығару**

ЖИ оқушыға тек дұрыс жауап қана бермей, шешу жолдарын толық түсіндіре алады:

• молярлық масса есептеу;

• стехиометриялық есептер;

• зат мөлшері, концентрация формулаларын пайдалану.

Бұл оқушының логикалық ойлауын дамытады және күрделі есептерден қорықпауына сеп болады.

ЖИ қолданудың тиімді тұстары

• **Оқушының қызығушылығын арттырады.** Виртуалды тәжірибелер, 3D модельдер пәнді тартымды етеді.

• **Мұғалім уақытын үнемдейді.** Тест, сабақ жоспары, тапсырма автоматты түрде құрылады.

• **Жеке білім беру траекториясы қалыптасады.** Әр оқушының деңгейіне сәйкес тапсырма беріледі.

• **Кері байланыс жылдам.** Қателер тез анықталып, түзетіледі.

• **Оқыту сапасы артады.** Оқушы химияны түсініп үйренеді, механикалық жаттау азаяды.

Қорытындылай келе химия сабақтарында жасанды интеллектті қолдану – жаңа заман талабы. Ол мұғалім жұмысының тиімділігін арттырып қана қоймай, оқушының пәнге қызығушылығын оятып, күрделі химиялық үдерістерді терең түсінуге мүмкіндік береді. ЖИ – мұғалімді алмастыратын емес, керісінше қолдайтын, оқу-тәрбие үдерісін жеңілдететін қуатты құрал.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әлтаева, Г.Қ., Жанпейісова, М. Жаратылыстану пәндерін оқытудағы жаңа технологиялар. – Алматы: Білім, 2021.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқыту әдістемесі бойынша нұсқаулық. – Астана, 2022.
3. Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ. Химия пәнін оқыту әдістемесі: әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2020.
4. Anderson, D., & Brydges, R. Artificial Intelligence in Science Education: Methods and Applications. – New York: Springer, 2020.
5. UNESCO. Artificial Intelligence in Education: Challenges and Opportunities. – Paris: UNESCO Publishing, 2023.
6. Woolf, B. Artificial Intelligence in Education: Building Technology-Rich Learning Environments. –
7. Khosravi, H. “AI-Powered Formative Assessment in Science Classes.” Educational Technology Review, 2022.
8. ChatGPT in Science Learning: Practical Classroom Applications. – EdTech Global, 2024.

«БАЛАМ АҚЫЛДЫ БОЛСЫН ДЕСЕҢІЗ - АНА ҚОЛЫНДАҒЫ КІТАП....» АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН КІТАП КӨРМЕСІ ЖӘНЕ АШЫҚ ЕСІК КҮНІ

Бегімбетова Ақнұр
«№ 33 қазақ орта жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің кітапханашысы

«Үздік кітапханашы байқау» қатысушы
кітапханашы: Ғазизқызы

Мақсаты: Ата - ана мен бала арасындағы сенімді, кітап оқу отбасы құндылыққа айналдыру, бір - біріне деген сезімді нығайту. Ата-ана, отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері екенін ескеріп, мектеп, ата-ана, кітапханашы болып бірігіп, кітап оқу сапалы білімді, саналы тәрбиелі, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: - Ата - ана мен бала арасындағы сенімді сыйластық әрекетінің мақсаты айқындалады, баланың бас ұстазы ата - ана екенін түсінеді, бір - біріне деген сезім, отбасында кітап оқуын нығайту үшін бірінші ананың қолында кітап болу керек.

Өткізілген күні: 27 .11.2025 ж

Жұмыс түрі : Ата-аналарға арналған кітап көрмесі және ашық есік күні

Өткізілген орны : Мектеп кітапхана оқу залы

Қатысқандар саны: 20 білім алушы және ата-аналар

Өту барысы:

Кіріспе сөз, кітапханашы: - Қош келдіңіздер, құрметті ата - аналар және әріптестер! Бүгінгі біздің кешіміз ерекше болады деген үмітпен « Балам ақылды болсын десеңіз-Ана қолындағы кітап....» ашық есік күнін бастаймыз.

Шарамыздын ерекшелігі сол, тәрбие процесіндегі кітап оқуды,балаларды әдеби кітап оқуға біз боп, сіз боп пікірлесе отырып, ойымызды түйіндеп, өмір жолында пайдалану.

- Адам баласының алтын діңгегі әдеби кітап оқуды қалыптастыру. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы - адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын бесігі.

Бала қанша білім алып, мектеп табалдырығын аттағанымен, оның өмірінің көп бөлігі әке - шешесінің қасында өтеді екен. Ал сіздердің ата - ана, өміріңізде үш рет мектепке баратыныңызды әрқашан естен шығармаңыз. Бірінші рет – өзіңіз, екінші рет – балаңыз, ал үшінші рет – немереңіз барады екен. Ендеше бүгінгі ашық есік күніне қатысып отырған ата - аналарға әрдайым осы балаларыңыздың қорғаны болып, немере сүйіп мектеп табалдырығын аттай беріңіздер демекпіз!

Слайд көретілімі: «Кітап оқудың тиімділігі» презентация

Кітапханашы: Балам **ақылды болсын десеңіз, ата-ана және кітапхана...**

Әр адамның ең жақын досы, өмірдегі досы кітап болуға тиіс. Мұхтар Әуезов

«Кітап – жан азығың» демекші, баласының болашағына әрбір ата-ана алаңдайды.

Білімді, жан-жақты өнер қуамын деген жастарға қазіргі күні даңғыл жол ашылған.

«Қалың елі, қазағы, қайран жұртының» қамын ойлаған данышпан Абай елінің сауатты, білімді болғанын қалаған. «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім» десек, ал ол білім кітапта. Сол үшін кітап оқуымыз қажет. Кезінде оқымысты Альберт Эйнштейн «Бала ақылды болуы үшін не істеу керек?» деген сұраққа: «Егер де балам ақылды болсын десеңдер, ертегі оқып беріңдер. Егер олардың одан да ақылды болғанын қаласаңдар, одан да көп ертегі оқыңдар», – деген екен. Өйткені, ертегі оқып өскен баланың қиялы жүйрік болады, әрі, кітапқа деген

қызығушылығы артады. Жастайынан жастанып жатып кітап оқыған бала, есейген шақта ғылымды жатсынбасы анық.

Бала күнімізде әжелеріміз кітап бетіне қарамай-ақ, естігені бар, ойдан құрастырғаны бар әдемі ертегілерді айтып беретін еді ғой. Ертегілер бізге сонау ерте заманнан келді. Ертегіге біз сенеміз, ондағы оқиғалар кейде өз өмірімізде болып жатқандай, қорқынышты жерінде көзімізді жұмамыз, кейде ішек-сілеміз қатып күлеміз. Ең негізгісі – бәрі де жақсы аяқталатынына сенетін едік. Қазақ халық ертегілері тұнып тұрған даналықтың көзі деуге болады. Мысалы, «Мақта қыз бен мысық» ертегісі өте тартымды, қызықты. Бұл ертегіде мақта қыздың досы мысық мақта қыздың тілін алмай қатығын төгеді де, оны қайтарып беру үшін көптеген сынаққа жолығып, көп қиыншылық көріп барып, соңында қателігін түсініп, қатықты қайта қайтарып беруге әрекет жасайды. Демек, қазақ ертегілері жәйдан-жәй бала көңілін аулау үшін емес, тәрбиелік мәні өте жоғары, адамды әрбір іс қимылына жауап беруге бейімдейді.





Шын мәнісінде, ертегі балалардың қалыптасуына бағыт көрсететін рухани азық. Мұны әлімсақтан білген ата-бабаларымыз батырлар жыры, жыршылдық пен шешендік өнерді балаға кішкентай кезінен-ақ үйреткен. Тарихқа көз жүгіртсек, Абай, Шоқан, Мұхтар сынды тұлғаларды әжелері ертегімен сусындатып, кітап оқуға бейімдеген. Ертегідегі кейіпкерлерді саралай отырып, жақсы мен жаманды айыруға үйренеді. Сондықтан ертегі – бала тәрбиесіндегі таптырмас құрал десек қате болмас.

«Мақта қыз бен мысық» ертегісіне балалардын көрініс қойылымы 3 «А» сынып оқушысы

Кітапханашы: Бүгінгі техниканың қарыштап дамыған ғасырында қолына кітап алып, оның қызығына батып отырған балаларды кездестіру қиын. Ақпараттың жылдам өзгеріп отыратын заманында балалардың оқу форматы да, талғамы да өзгерген. Кітап оқитын балалар баршылық, дегенмен оқымайтын балалар да жеткілікті. Оның себептері әр түрлі, атап айтқанда: кітап оқу дағдысының қалыптаспауы, отбасында кітап оқу мәдениетіне мән беру, шытырман оқиғаларымен кітап әлеміне қызықтырып кітаптын болуы.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында Ата-аналарға арналған:- «Отбасылық оқу», «Бүкіл отбасымен оқимыз», «Ата-анамен кітап оқу сағаты» тақырыптарындағы іс-шаралары ұйымдастырылды.

Бүгінгі бала – ел болашағы, ал білімді бала – ел үмітін ақтайтын жеткіншек. «Білім кілті кітапта» десек, ал кітапхана – білім нәрімен сусындауға мүмкіндік жасайтын бірегей орта. «Балалар кітапханасы» жобасы оқырмандарға ыңғайлы жағдай жасау үшін белсенді түрде көптеген жұмыс атқаруда, Серіктестік кітапханасымен бірлесіп іс-шаралар өтіп тұрады.

Тәуелсіз еліміздің баға жетпес байлықтары – жас жеткіншектердің туған елі мен жеріне деген асқан сүйіспеншілігін рухани дамыту үшін жан-жақты білім қажет. Ал білімнің басты құралы – кітап.

Отбасылық кітап оқу дағдысын қалыптастыру туралы айтсақ, кітапханамызда ата-аналармен жұмыс атқарылады. Кітапхана отбасылық құндылықтарды насихаттауға және отбасын біріктірудің бірден-бір маңызды бөлігі – отбасылық кітап оқу мәселелерін үнемі назарда ұстайды және оқырмандар мен олардың ата-аналарымен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Балалардың кітап оқуының қазіргі дағдарысы – ең алдымен, кітапханашылар мен мұғалімдерді көбірек алаңдататын мәселе және ата-аналардың көпшілігі мұны үлкен проблема деп ойламайды. Кітап оқитын баланың отбасында оқуға деген сүйіспеншіліктің жақсы үлгісі көрінеді.

Кітапханшы: 3 «А» сыныбының ата-анасы: Жакупова Алтынгүл Анарбековна
Оқыған кітабымен бөлісіп, әңгімелеп берді.





Кітапханашы: Психолог мамандардың пікірі бойынша отбасындағы жақсы дағдылар – баланың толық тұлға болып қалыптасуының негізгі кілті.

Ертегіні бала үшін ең жақсы терапияның бір құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Бала тәрбиелеу мәселесінде ертегінің пайдасы зор дейді жантану мамандары. Әрине, бұл тұрғыда ата-ана тарапынан қажет етілетін талаптар бар. Ертегіні баланың сол сәттегі көңіл күйіне, іс-әрекетіне, жағдайға байланысты таңдай білу керек. Терапиялық ертегі мен тәрбиелік мәні зор.

Кітапханамызда 2025 жылдан бастап 24 қазан кітапханашылар күніне орай «Ұлттық құндылықтар» кітапхана апталығы «Демалыста кітап оқимыз» гайдбук

(каникул кезінде оқыған кітаптарын жарнамалау) іс-шарасы ұйымдастырылды.

Шара бойынша бірнеше номинация бойынша белсенділік танытқан оқырмандар мен отбасылар марапатталды. Бұл шараға жеңімпаз оқырман балалармен бірге ата-аналары, ата-әжелері, мұғалімдер араласып , кітап оқитын баланың беделін көтеруді көздейді.

Номинациялар арасында «Оқитын отбасы» – ең басты номинациясы ұсынылды.

Апталық аясындағы салтанаты ата-ана мен баланың дұрыс бағытын көрсетеді.

Кітап оқуды жарнамалау кезінде мектеп оқушыларымын белесенділік танытуда.

Балалар кітапханасының қоры оқырмандар талабына сай. Мектебімізде қазақ тіліндегі балалар әдебиетірімен толықтырылған.

Апталықтың бірінші күні «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы» атты өтті.

Жобаның мақсаты – балалар мен жасөспірімдерді авторлармен таныстыру арқылы қазіргі қазақ әдебиетін оқуға тарту. Осы жоба аясында белгілі балалар жазушыларымен, ақындармен, драматургтермен және балалар кітаптарының иллюстраторларымен бірқатар кездесу ұйымдастырылды.

Кітапхана кеңістігіне, яғни кітапханадағы үйірмелерде түрлі зияткерлік ойындар, сайыстар және тағы сол сияқты қызықты кездесулер өтіп тұрады.

Кітапханаларда ұйымдастырылған түрлі шаралар мен үйірмелер балалардың

зияткерлік қабілеттерін дамытуға бағытталған.







Кітапханашы: **Ата-ана, балаңызбен бірге кітап оқыған кездегі кеңес**

1. Жаңа кітаппен танысар алдында оның мұқабасына қараңыздар, авторының фамилиясын, кітаптың атын оқыңыздар.
2. Кітапты парақтай отырып, иллюстрацияларын мұқият қарап шығыңыздар.
3. Иллюстрациялар бойынша кітаптың болжамды мазмұнын анықтаңыздар.
4. Кітапты беттері, тараулары бойынша ретімен оқыңыздар.

Ата-анаға кеңес:

1. Баламен бірге күніне 10-15 минуттан дауыстап оқыңыз.
2. Мәтін оқудан бұрын бөлмені желдетіп, үстел үстінен назар аудартатын артық-ауыс заттарды алып тастаңыз.
3. Егер бала шаршаса, денешынықтыру минутын жасатыңыз.
4. Баланы оқығаны үшін мақтап қойыңыз.

Үй кітапханасында қандай кітап бар, балаларыңның ойлау, сөйлеу, жазу қабілеттерінің артуына кітап оқудың қаншалықты маңызды екенін білесіздер ме?

Білмегенді бірге үйренуге болатын ең қолайлы жағдай отбасылық оқу.

Қазақ даласында да отбасылық оқу болған. Әлемге әйгілі Мұхтарды атасы Әуез Абай өлеңдерін отбасында оқу арқылы дамытқан.

Ата-аналарға сұрақ: Үй кітапханасында қанша кітап бар, нешеуін оқыдың? Қазақтың қандай ақын- жазушыларының кітаптары бар?

-Сіздердің үйлеріңізде көркем шығарма оқу қаншалықты маңызды?

-Үй кітапханасындағы кітаптардың қайсысын балаңызбен біріге отырып оқыдыңыз?

- Соңғы оқыған кітаптарыңыз?
- Сыйлыққа кітап сыйлайсыз ба?

Ата-анаға сұрақ : «Білім көзі- кітапта» Бұл кезеңде қойылатын сұрақтарға жауап беру керек.

1. Кітап күні қашан атап өтіледі? 2-сәуір
2. Мамыр айында қандай мереке күндері бар?
3. Қазақ даласына алғаш мектеп ашқан кім? Ы.Алтынсарин
4. Абай Құнанбаевтың туғанына неше жыл? 180 жыл
5. Қазақтың үш биін ата?

II сұрақ :

1. Қазақтың аңызына айналған батыры кім? Б.Момышұлы
2. Қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіңдер?
3. Жыл атауынан құр қалған қандай жануар? Түйе
4. Қазақтың алғаш әліппесін жазған кім? А.Байтұрсынов
5. Ы.Алтынсариннің туғанына неше жыл? Келер жылы 185 жыл

Сауық кешке келейік,
Сөз маржанын терейік.
Кім көп білер екен деп
Мақал айтып көрейік.

III сұрақ «Мақал-сөздің мәйегі» Бұл кезеңде гүлдердің артына жазылған мақалдардың жалғасын табу тапсырылады.

1. Оқусыз білім жоқ, Білімсіз..... (күнің жоқ)

2. Тіліңмен жүгірме, Біліммен..... (жүгір)
3. Ғылым - теңіз, Білім -..... (қайық)
4. Күш - білімде, Білім - ..... (кітапта)
5. Білекті бірді жығады, Білімді ..... (мыңды жығады)
6. Оқу-білім бұлағы, Білім ..... (өмір шырағы)
7. Оқу - білім азығы, Білім -..... (ырыс қазығы)
8. Кітап- ғылым,Тілсіз..... (мұғалім)
9. Ақыл тозбайтын тон, Білім.....(таусылмайтын кен)
10. Білім арзан, Білу..... (қымбат)

Кітапханашы:

Білім сүйсең, кел күн сайын осында,
Кітап сенің айналады досыңа.
Талаптансаң үйренуге құмартып,
Келгін, жан дос, ізденейік қосыла.

Кітап көрмесіндегі кітаптармен таныстыру.

Ана тақырыбында ой толғанбаған, ең аз деген төрт шумақ өлең жазып тебіренбеген адам кемде-кем шығар. Бүгін назарларыңызға ана тақырыбындағы үздік үш кітапты назарларыңызға ұсынамын. Шерхан Мұртаза "Ай мен Айша" Бұл кітапты автор өз анасы туралы жазған. Әкесі Мұртаза тұтқындалғаннан кейін анасы Айша үш баласын жеткіземін деп талай тауқыметті бастан кешеді. Оған талмай, алға жылжуға күш беретін - балалары мен жалғыз жаратушы. Аспандағы Айға қарап, жұбаныш тілейді. Шерхан Мұртаза анасы Айша мен Айдың байланысын шебер суреттеген.

Ғабит Мүсірепов "Ананың анасы"Өз заманында ана туралы, әйел заты туралы ең көп қалам тербеген - Мүсірепов. Бұл шығармасында өз жүрегін жарып шыққан қызын зорлап алып бара жатқан жерінен анасы жанкештілік танытып, құтқарып алғаны баяндалады. Ел ішіне кең тараған аңызды автор шебер жеткізе білген.

Сайын Мұратбеков "Ананың арманы"
Үш ұл, бір қызы бар ананың тағдыры баяндалған шағын ғана әңгіме әп дегеннен адамды баурап алады. Кебежесінің түбінде жатқан үш камзолдың бірін де кимей, өзінен аяйтын, балаларының үйіне барса бір сәт тыным таппай шауып жүретін, бар өмірін балаларына арнаған ананың не арманы бар екен? Әңгімені өзіңіз оқып көріңіз.

Қорытынды,кітапханашы

Білім іздесең,
Кітапен таныс,
Еңбегің еш болмайды.
Ақыл іздесең,
Адаммен таныс,
Өнерің кеш қалмайды.

Кітапхана - білімпаздар мекені. Оқушылар мен ата-ана кітапханаға келіп, кітап алып оқып, керекті тапсырмаларына дайындалады. Біздің кітапхана кішкене болғанымен атқаратын қызметі өте жоғары. Кітапханаға жиі келіңіздер, бірге ізденіп, бірге еңбек етейік. Кітапты қадірлейік, сақтайық, жан серігімізге айналдырайық.

Кітап көрмесіне қойылған кітаптар:

1.Момышұлы Б.Ұшқан ұя. 1 том. Алматы, «Өнер» 2008 ж.
2.Қазақтың салт-дәстурлері мен әдет-ғұрыптары. С.Кенжеахметұлы.Атамұра 201**3ж**
3.Қазақ халқының ұлттық киімдері Национальная одежда казахского народа. Б.Хинаят, А.Сужикова Алматыкітап-2022ж
4.Әдептілік –әдемілік Е.Өтетілеуұлы Алматыкітап -2017ж
5.Қобыланды батыр.Батырлар жыры. Ш.Күмісбаев. Алматыкітап-2021ж
6.Абайдың қара сөз. Книга слов. (каз./русс.) Мазмұндама-2021
7.Жабайы алма С.Мұратбеков Атамұра-2022ж
8.Гауһар тас Исабеков Д. Атамура-2020
9.Алдаркөсе.Қазақ халық ертегілері. Бейімдеген Қ.Мырза Әли Алматыкітап-2022
10. Ұлы дала ертегілері. Т.Жексенбай.атамұра-2023
11. Тарихи қанатты сөздер. Құр.н Әділхан Пірманов. Атамұра-2017
12. Қыран бүркіттің хикаялары. Мазмұндама-2022

13. Том Сойердің басынан кешкендері. Марк Твен. Мазмұндама-2022
14. Махаббат қызық мол жылдар. Ә.Нұршайықов.атамұра -2022ж
15. Нильстің таңғажайып саяхаты. Сельма Лагерлеф «Фолиант»-2023
16. Балуан Шолақ. Сәбит Мұқанов. «Фолиант»-2023
17. Қызғыш құс. Махамбет Өтемісұлы. Мазиұндама -2023
18. Сиқыршының жиені. К.С.Луис. Stepp &World-2023
19. Арыстан,мыстан және шкап. К.С.Луис. Stepp &World-2023
20. Хазар ханзада. К.С.Луис. Stepp &World-2023
21. Тұлпар мен бала. К.С.Луис. Stepp &World-2023
22. Ханзада мен Қайыршы. Марк Твен. «Фолиант»-2023
23. Батыр Баян. Мағжан Жұмабаев. «Фолиант»-2023
24. Алиса ғажайыптар елінде. Лбюис Кэрролл.«Фолиант»-2023
25. Сақиналар Әміршісі. Джон.Р.Р. «Фолиант»-2023
26. Ғажайып. Р.Ж.Паласио. Stepp &World - 2022
27. Он бес жасар капитан. Жюль Верн. «Фолиант»-2023
28. Хәрри Поттер мен пәлсапа тас. Ж.К.Роулиң. Stepp &World-2022
29. Хәрри Поттер мен азкабан тұтқыны. Ж.К.Роулиң. Stepp &World-2022
30. Хәрри Поттер мен от сауыт. Ж.К.Роулиң. Stepp &World-2022
31. Айдаһар таңбалы қыз. Стиг Ларссон. Мазмұндама-2023
32. Ай мен Айша 1,2 кітап. Шерхан Мұртаза-2023
33. Ханзада мен Қайыршы. Марк Твен. Мұртаза-2023
34. Абай жолы. Роман-эпопея. 1,2,3,4 - том . Атамұра-2019
35. Путь Абая. Роман-эпопея. 1,2,3,4 – том. Атамұра-2019
36. Оян, қазақ. Атамұра
37. Ертегілер жинағы. Мазмұндама
38. Әжемнің ертегілері. Р.Қожағұлова . Аруна-2023ж
39. Бұл дүниеде не қымбат. Аруна-2023ж
40. Алтын сақа. Р.Захаров. Аруна-2023ж
41. Әлемнің ұлы кереметтері. Рассел Эш. Алматыкітап - 2023
42. Великие чудеса света . Рассел Эш. Алматыкітап - 2023
43. Мысық тышқан мен торғайға неге өш? Аруна- 2023
44. Кәрі Арыстан
45. Шерхан Мұртаза Ай мен Айша
46. Ғабит Мүсірепов Ананың анасы
47. Сайын Мұратбеков Ананың арманы
48.Үш таған журналы № 4,5,6 -2024ж,2025 ж.
49. нақыл сөздер,суреттер
50.Балалар әлемі , Балдырған № 4,5,6 ,8,9 - 2022 ж журналдар

АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА. АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ «ЖЕТІНШІ СӨЗ»

Бекенова Аккуртка Бекболатовна
Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қопа селосы
Ақтан жырау негізгі мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бөлім: II бөлім: Абайды оқы, таңырқа.		
Педагогтың аты-жөні:		
Күні:28.11.2025		
Сынып: 6	Қатысушылар саны:14	Қатыспағандар саны:-
Сабақтың тақырыбы	**II бөлім: Абайды оқы, таңырқа. Абай Құнанбайұлының қара сөздері «Жетінші сөз»**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	6.1.1.1 – әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; 6.2.1.1 – әдеби шығарманың мазмұнын өз сөзімен баяндау; 6.3.1.1 – әдеби кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру.	
Сабақ мақсаты	Абай Құнанбайұлының жетінші қара сөзінің тақырыбы мен идеясын анықтайды; Мәтіннен негізгі және қосымша ақпараттарды табады; Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.	
Құндылықтарға баулу	Оқушыларды әділдік және жауапкершілікке баулу, Абай Құнанбайұлының шығармалары арқылы өмірлік құндылықтарды түсіндіру. Осы сабақта қолданылатын 2025-2026 оқу жылындағы құндылықтар: әділдік және жауапкершілік.	
АКТ- ны қолдану дағдысы.	Copyleaks, Smodin, Turnitin, Gptzero - Тапсырма жазу кезінде ЖИ қолданылғанын анықтайтын платформалар - https://copyleaks.com/ https://app.smodin.io/ https://search.vaggar.com/ https://gptzero.me/	
Бағалау критерийлері	✓ Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтай алады. ✓ Мәтіннен негізгі және қосымша ақпараттарды таба алады. ✓ Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады. ✓ Әдеби кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға бере алады.	
Тілдік мақсаттар	Оқушылар Абай Құнанбайұлының шығармаларының тақырыбы мен идеясын түсініп, өз ойларын жеткізе алады.	
Ойлау дағдыларының деңгейі	– талдау, жинақтау, бағалау.	
Пәнаралық байланыс	Тарих, география	
Алдыңғы оқу	Абай қара сөздері. «Бірінші сөз»	

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі / уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (10 минут), Ұйымдастыру кезеңі Қызығушылықты ояту – (3 минут) Ширату тапсырмалары – (4 минут) Жаңа сабаққа кіріспе (3 минут)	Қызығушылықты ояту: - Сәлемдесу; - сыныпты түгелдеу; - оқушылардың назарын аударту; - топқа бөлу. Ширату тапсырмалары: - Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша мәлімет беру. - Сабақтың мақсаты мен міндеттерін түсіндіру.	Оқушылар сұрақтарға жауап береді, сабақтың мақсатына назар аударады.	Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігіне қарай, қалыптасты рушы бағалау жүргізеді. ҚБ «Мадақтау сэндвичі» әдісі арқылы келесі тапсырмала рға ынталандыр ады.	Компьютер, проектор, презентация. Tome, Gamma, Slidebean - Презентациялар жасауға арналған платформалар - https://tome.app/ https://gamma.app/ https://slidebean.com
Сабақтың ортасы (25 минут), Жаңа сабақ	Мәтінмен жұмыс: Абай Құнанбайұлының жетінші қара сөзін оқып, талдау (5 минут)	Оқушылар мәтінді оқып, негізгі ойды анықтайды, талқылайды.	Топ динамикасы, қорытындын ың сапасы.	Шаблон, интернет ресурс, оқу құралдары. Adaptemy, Smartsparrow - Оқушылардың жауаптарын немесе әсерлерін талдай отырып, нақты нәтижелерді көрсетеді - https://www.adaptemy.com/ https://www.smartsparrow.com/
	1-тапсырма: Абайдың қара сөздерінен негізгі ойды анықтау (5 минут)	Оқушылар мәтінді оқып, негізгі ойды анықтайды.	ҚБ «Мадақтау сэндвичі» әдісімен бағалау.	Шаблон, интернет ресурс, оқу құралдары. Explainlikeimfive - Күрделі материалды қарапайым тілмен түсіндіретін платформа - https://domore.ai/

	2-тапсырма: Шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру (7 минут)	Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, шығарманың мазмұнын талдайды.	ҚБ «Алақан-жұлдыз» әдісімен бағалау.	Шаблон, интернет ресурс, оқу құралдары. Magicschool - Жаттығулар, сабақ жоспарлары мен тапсырмалар жасау платформасы - https://app.magicschool.ai
	3-тапсырма: Әдеби кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру (8 минут)	Оқушылар кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға береді, талқылайды.	ҚБ «Ең үздік жауап» әдісімен бағалау.	Шаблон, интернет ресурс, оқу құралдары. Explainlikeimfive - Күрделі материалды қарапайым тілмен түсіндіретін платформа - https://domore.ai/
Сабақтың соңы (10 минут), Қорытынды, Ой толғаныс, Кері байланыс	Кері байланыс: Жалғастырыңыз: Маған ... қызықты болды Бұл ... қиындық туғызды Осы ... мені ойландырды	Оқушылар білімдерін сараптайды, рефлексия жүргізеді. Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады.	Кері байланыстың бар екендігі.	

СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМ.(ШЕГЕНЕ) 42 – 45-ЖАТТЫҒУЛАР»

Бибулатова Амансулу Базаргалиевна
Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Хромтау қаласы
№7 Хромтау мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі

Пәні:	**Қазақ тілі**	
Бөлім:	Менің мектебім	
Күні:		
Сынып: 2-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**№ 47-сабақ.Сұраулы сөйлем.(Шегене) 42 – 45-жаттығулар.**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	2.2.5.1* дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мәліметті табу жолын анықтап, берілген тақырып, сұрақ бойынша мәліметті іріктеп алу 2.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу	
Сабақтың мақсаты	Сөйлем түрлерін анықтауды үйренеді	
Құндылық мақсаты: Қараша айы:Әділдік пен жауапкершілік айы	Оқушылардың бойында әділ болу,адалдық таныту және жеке жауапкершілікті сезіну қасиеттерін қалыптастыру,өз іс-әрекетіне,сөзі мен шешіміне есеп бере алатын азамат тәрбиелеу.	
Апта дәйексөзі	«Әділет-мемлекеттің негізгі күші»(Әл-Фараби)	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Бағалау**	**Ресурстар**
Сабақтың басы 5 минут		Сабаққа дайындық жасап, жақсы тілектер тілейді	Мақтап, мадақтап отыру	Суреттер
Өткенді пысықтау 5 минут	**Өткенді пысықтау** **Үй тапсырмасы** 40-жаттығу Хабарлы сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдырып жаз. Толқын кітапханадан кітап алды ма? Ол көп оқиды ма? Әжесіне ертегі оқып берді ма?	Үй тапсырмасын пысықтайды		

Сабақ тың ортасы 20 минут Сергіту сәті 2 минут Қосымша тапсырма 2минут	**Тақырыпты ашу** **«АДАЛ АЗАМАТ» біртұтас тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін.** **Сөйлемдерді талда** **ЖИ**  **Жаңа тақырып** **42-жаттығу** Өлеңді тиісті дауыс ырғағымен оқы.Сұраулық мағынадағы сөйлемді тап. Сұраулы сөйлем: -Шегене деген немене? Сөздік жұмыс Шегене-аз, шағын,шамалы. **43-жаттығу** Сөйлемдерді көшіріп жаз. Қарамен жазылған сөздерді салыстырып, өзің қорытынды жаса Күлме, әкелді ме?,кешікпе,келіп пе?, болма, жауды ма? **Сергіту сәті**  **ФС тапсырмасы** **44-жаттығу** Сызба бойынша диалог құрастырып жазыңдар Үлгі: -Анар,сен мектепке барасың ба? -Мен кітапханада боламын **ҚЖ:** Суретті диктант Зат атауларын дұрыс жаз	Сұрақтарға жауап береді Өлеңнің мазмұнын талдайды Сұраулы сөйлемдерді табады Жаттығу жасайды Диалог құрастырады Қосымша жұмыс жасайды	«Жетіген» әдісі Дескриптор: Хабарлы сөйлемдерді сұраулы сөйлемдерге айналдырып жазады-2б «Жетіген» әдісі Дескриптор: Сұрақтарға жауап береді-2б «Жетіген» әдісі Дескриптор: Өлеңді оқиды-1б Сөз мағынасын табады-1б «Жетіген» әдісі Дескриптор: Сөйлемдерді көшіріп жазады-2б Тамаша «Жетіген» әдісі Дескриптор: Берілген сызба бойынша парталасы амен	Оқулық Таратпа парақтар HYPERLINK "https://wordwall.net/ru/resource/935970 0 Оқулық Суреттер Қимылдар Оқулық Жұмыс дәптері Суреттер Жұмыс дәптері

Экологиялық білім беру қазіргі таңда мектеп жасындағы оқушылардың азаматтық санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ол оқушыларға табиғат пен қоршаған ортаға деген құрметті арттырып, олардың экологиялық мәселелерді шешуге деген белсенділігін оятады. Финляндия мен Жапонияның тәжірибесі көрсеткендей, мектеп бағдарламаларына экологиялық тәрбие элементтерін енгізу арқылы оқушылардың жауапкершілік сезімі мен табиғатқа деген қызығушылығы арта түседі. Бұл олардың азаматтық ұстанымдарына оң әсерін тигізіп, қоғамдағы рөлін нығайтады.

Экологиялық тәрбие қоғамдағы көптеген экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған қадамдар жасау үшін жаңа ұрпақты даярлауға мүмкіндік береді. Болашақта оқушыларды экологиялық біліммен қамту арқылы, олардың қоршаған ортаға саналы қарауын және қоғамдағы экологиялық мәдениетті қалыптастыруын қамтамасыз ету қажет. Оқырмандарға ұсыныс ретінде, әрбір мектепте экологиялық жобалар мен шараларға қатысу арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру ұсынылады. Бұл тек қана білім беру мекемелерінде емес, сонымен қатар отбасы мен қоғамда да іске асырылуы тиіс.

Осылайша, экологиялық білім беру арқылы біз жауапты және саналы азаматтар тәрбиелей аламыз. Бұл тек қана білім беру саласының ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті болып табылады. Қоршаған ортаны қорғауға белсенді қатысу арқылы біз болашақ ұрпаққа таза және қауіпсіз әлем қалдыра аламыз.

Пайдаланылған дереккөздер:
1. Тоқаев Қ.-Ж. Экологиялық сауаттылықты қосымша білім арттырады. – Алматы: Egemen Qazaqstan, 2021. – (газет мақала, бірақ толық дереккөз ретінде пайдаланылды) (ar.egemen.kz)
2. Мамбеталина А.С., Карагулакова С.В., Длимбетова Г.К., Абенова С.У., Акимиш Д.Е. Студенттердің экологиялық санасын психологиялық зерттеу // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы. – 2023. – №145 (4). – 297–311 б. (bulpedps.enu.kz)
3. «Экологиялық сауаттылық мектеп жасында қалыптасады» // Egemen Qazaqstan. – 2021. – 12 ақпан. (egemen.kz)
4. Қазақстандағы экологиялық тәрбие: мақсаттары, әдістері және ұлттық бағдарламалар // Stud.kz. – (презентация) (stud.kz)
5. Мектептегі экологиялық тәрбиенің мазмұны, міндеттері және әдістемесі // Stud.kz. – (презентация, Қизат Жадыра) (stud.kz)
6. «Экологиялық тәрбие – болашақ кепілі» // DataLife Engine (Kitapkhana.kz). – 2019. – 5 маусым. (kitapkhana.kz)

І. ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САБАҚ ЖОСПАРЫ (ҚМЖ)

Бөлімі	Механикалық қозғалыс
Сыныбы / Қатысушылар саны	7 «__» / __ оқушы
Сабақтың тақырыбы	Жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты (ОМ)	7.2.1.4 – қозғалыстағы дененің жылдамдығы мен орташа жылдамдығын есептеу
Сабақтың мақсаты	Оқушылар жылдамдық ұғымын, оның бірліктерін және орташа жылдамдықты есептеу тәсілдерін меңгереді; v = s / t, $\bar{v} = \Sigma s / \Sigma t$ формулаларын өмірлік жағдаяттарда қолданады; өлшем бірліктерін түрлендіріп, шешімін негіздейді.
Құндылықтарды дарыту	Тәуелсіздік және отаншылдық айы, Жол қауіпсіздігі мәдениеті, еңбекті құрметтеу (жедел жәрдем жүргізушісі, пошта курьеры, құрылысшы-геодезист).
Апта дәйексөзі:	«Тәуелсіз елдің ұрпағы еркін ойлайды»

Сабақ барысы (45 минут)

Кезең (уақыты)	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
1. Ұйымдастыру (3 мин)	Амандасады, мақсат, табыс критерийлерін таныстырады: «Сабақ соңында сіз… 1) $v = \frac{s}{t}$ және $\vec{v}$ формулаларын қолданасыз; 2) өмірлік деректерден жылдамдықты	Мақсатты дауыстап қайталайды, жұмысқа дайындық жүргізеді.	Ауызша мадақтау, стикер. 	Слайд 1

	есептейсіз; 3) ұлттық құндылыққа қатысты тұжырым жасайсыз». Қауіпсіздік: есептерде бірліктерді шатастырмау, жол қозғалысы мысалдарында сақтық.			
2. Білімді жаңарту (5 мин)	«Жылдамдық не?» қысқа викторина (ауызша): 1) Жылдамдықтың формуласы? 2) SI бірлігі? 3) 36 км/сағ — м/с-ке айналдыр. Дұрыс жауап үлгісін көрсетеді.	Жауап береді; 36 км/сағ = 10 м/с екенін дәлелдейді.	Дұрыс/бұрыс карталары.	Карточкалар, Слайд 2
3. Жаңа білім (10 мин)	Қысқа конспект түсіндіру: **а)** Жылдамдық $v = \frac{s}{t}$ (векторлық бағыт ескерілсе – жылдамдық векторы, бұл сабақта скаляр шамамен жұмыс). **ә)** Орташа жылдамдық $\vec{v} = \frac{\sum s}{\sum t}$ **б)** Бірліктер: м/с, км/сағ; түрлендіру: 1 м/с=3,6 км/сағ. **в)** Ерекше жағдай (қосымша): жолдың екі жартысын v_1, v_2 жылдамдықпен жүрсе және қашықтықтары тең болса, $v = \frac{2v_1v_2}{v_1+v_2}$. **г)** Графикалық түсінік: s–t графигінің еңісі – v; еңіс тұрақты болса – бірқалыпты қозғалыс.	Конспект жазады, үлгі есеп шығарады.	Қысқа тексеру сұрағы: s екі есе артса, t тұрақты болса v қалай өзгереді?	Слайдтар, тақта Физика 7 сынып Жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу 13 10

	д) Өмірмен байланыс: Түркістан–Алма-ата бағытындағы автобус/такси кестелері, ауыл ішіндегі қашықтықтар.			
4. Тапсырма 1 — Мақсатқа жету (10 мин)	**Әдіс:** «Think–Pair–Share». **Шарты:** Бір оқушының велосипедпен жүруі: 1-кезең 1,2 км-ді 6 минта; 2-кезең 800 м-ді 4 минта; 3-кезең 2 км-ді 10 минта жүрді. **Талап:** Әр кезеңдегі v_i және жалпы $\vec{v}$ есепте, нәтижені м/с және км/сағ-пен жаз; қай кезең ең жылдам?	Жеке есептейді, жұпта салыстырады, ортақ шешім жазады.	Критерий (4 б): v_i (1), $\bar{v}$ (1), бірлік (1), қорытынды (1). Дескриптор: уақытты сек-ке аударады; фор қолданады; дөңгелектейді.	Жұмыс парағы №1, калькулятор 
5. Тапсырма 2 — Функционалдық сауаттылық (10 мин)	**Әдіс:** Кейс-стади. **Кейс:** «Ауылдан аудан орталығына автобус» кестесі берілген (тоқтау уақытымен). Мәлемет: Ара қашықтық 42 км. Жүру уақыты: 08:00–08:55; 2 аялдамаға тоқтайды (әрқайсысы 3 мин). **Талап:** а) Шынайы қозғалыс уақыты $t_{қозғ}$ табу; ә) Орташа жылдамдық $\vec{v}$ (км/сағ) есептеу; б) «Неліктен аялдамалар орташа жылдамдықты азайтады?» дегенге 2 сөйлем дәлел жазыңдар.	Жұпта кестеден дерек шығарып, есеп  жүргізеді, дәлел жазады.	Критерий (4 б): tқозғ (1), $\bar{v}$ (1), арифметика/бірлік (1), дәлел (1).	Жұмыс парағы №2, маркерлер
6. Тапсырма 3 — Құндылық/еңбек	**Әдіс:** «Құндылық шеңбері». **Тақырып:** «Жедел жәрдем	Топта 3–4 оқушы бірігіп постер	Критерий (2 б): формуламен байланыс (1),	А3, стикерлер, маркерлер

(5 мин)	жүргізушісінің орташа жылдамдығын есептегенде қауіпсіздік неге бірінші орында?» **Талап:** 3–4 адамнан топ болып, 1 қысқа постер жазыңдар: v мен $\vec{v}$ формулаларын қолдана отырып, «жылдам бару» мен «қауіпсіз жету» арасындағы теңгерім туралы 3 тезис.	толтырады.	құндылық (1). 	
7. Рефлексия (2 мин)	«Екі жұлдыз, бір тілек» стикерлері: бүгін не жақсы шықты? нені жетілдіреміз?	Стикерге 2 жақсы жақ, 1 тілек жазады.	Ауызша/жазбаша кері байланыс.	Стикерлер
8. Үй тапсырмасы (0–1 мин)	**Зерттеу + ИИ:** «Менің мектепке жолым» шағын зерттеу жаса: апта ішінде 3 күн бойы үй–мектеп ара қашықтығын және жолға кеткен уақытты өлше. **ИИ құралы:** ChatGPT. Промпт үлгісі: «Менің деректерім: 1күн — 2,4 км, 18 мин; 2күн — 2,4 км, 16 мин; 3күн — 2,4 км, 20 мин. Орташа жылдамдықты есепте, бірліктерін тексер, жақсарту жолдарын ұсын». Нәтижені кестемен әкел.	Дерек жинайды, қысқа есеп дайындайды.	Бағалану жоқ.	Үлгі кесте, ChatGPT

«ЖЫЛДАМДЫҚ ЖӘНЕ ОРТАША ЖЫЛДАМДЫҚҚА ЕСЕПТЕР ШЫҒАРУ» (7-сынып)

Жубатырова Райхан Шоқановна
Ақтөбе қаласы №57 жалпы білім беретін орта мектебінің физика пәні мұғалімі

📓 ОҚУШЫ ЖҰМЫС ПАРАҒЫ

Оқушының аты-жөні:	_____	Сынып:	7 _____
Күні:	___/___/20___	Бағасы:	__ / 10

□ Жылдамдықты еске түсіру (5 мин) — Міндетті мини-викторина

1) Жылдамдықтың формуласы:
2) SI бірлігі:
3) 36 км/сағ → м/с түрлендір (ескертпе: 1 м/с = 3,6 км/сағ).

Жауап 1: _____
Жауап 2: _____
Жауап 3: _____

⚡ Тапсырма 1 — Мақсатқа жету: «Think–Pair–Share» (10 мин) — 4 балл

Шарты: Велосипедші үш кезеңмен жүрді:
1-кезең: 1,2 км — 6 мин; 2-кезең: 800 м — 4 мин; 3-кезең: 2 км — 10 мин.
Талап: Әр кезеңнің v_i мәнін және жалпы орташа жылдамдықты $\bar{v}$ есептеңдер. Нәтижені м/с және км/сағ-пен жазыңдар. Қай кезең ең жылдам екенін анықтаңдар.
Еске салу: 1 м/с = 3,6 км/сағ; $v = s / t$; $\bar{v} = \Sigma s / \Sigma t$.

□ Есеп кестесі:

Кезең	s (м)	t (с)	v (м/с)	v (км/сағ)	Ескертпе
1					
2					
3					
ЖИЫНТЫҚ	Σs = _____	Σt = _____	$\bar{v}$ (м/с) = _____	$\bar{v}$ (км/сағ) = _____	



✓ Бағалау критерийлері мен дескрипторлар (4 б): Әр кезеңнің v_i дұрыс есептелді- 1б. Жалпы $\bar{v}$ дұрыс есептелді- 1б. Бірліктерді дұрыс көрсетті- 1б. Қорытынды жасады- 1б.

🚌 Тапсырма 2 — Функционалдық сауаттылық: Кейс-стади (10 мин) — 4 балл

Кейс: «Ауылдан аудан орталығына автобус». Мәлімет: Ара қашықтық 42 км. Жүру уақыты: 08:00–08:55. 2 аялдама (әрқайсысы 3 мин). Талап: а) Шынайы қозғалыс уақытын $t_{қозғ}$ табыңдар; ә) Орташа жылдамдықты $\bar{v}$ (км/сағ) есептеңдер; б) «Неліктен аялдамалар орташа жылдамдықты азайтады?» — 2 сөйлем дәлел жазыңдар.

📊 Есеп алаңы:

Көрсеткіш	Мәні	Түсіндірме	Нәтиже
Жалпы уақыт (мин)	08:00–08:55	Барлығы 55 минут	_____ мин
Аялдама уақыты (мин)	2 × 3 мин	Екі аялдама	_____ мин
Қозғалыс уақыты $t_{қозғ}$ (мин)	Жалпы − аялдама	$t_{қозғ}$ = 55 − 6	_____ мин



Орташа жылдамдық $\bar{v}$ (км/сағ)	$\bar{v} = s / t$	t сағатқа айналдыру керек	_____ км/сағ

✍ Дәлел (2 сөйлем):

_____

_____

✓ Бағалау критерийлері мен дескрипторлар (4 б): tқозғ дұрыс табылды- 1б. $\bar{v}$ дұрыс есептелді- 1б. Арифметика/бірлік қателіксіз- 1б. Дәлел нақты- 1б.

🚑 Тапсырма 3 — Құндылық/еңбек: «Құндылық шеңбері» (5 мин) — 2 балл

Тақырып: «Жедел жәрдем жүргізушісінің орташа жылдамдығын есептегенде қауіпсіздік неге бірінші орында?»

Талап: 3–4 адамнан топ болып, 1 қысқа постерге v және $\bar{v}$ формулаларын байланыстырып, «жылдам бару» мен «қауіпсіз жету» арасындағы теңгерім туралы 3 тезис жазыңдар.



Тезис 1:
Тезис 2:
Тезис 3:

✓ Бағалау критерийлері мен дескрипторлар (2 б): Формуламен байланыс бар- 1б. Құндылық анық көрінеді- 1б.

🎈 Рефлексия — «Екі жұлдыз, бір тілек» (2 мин)

Жұлдыз ⭐:
Жұлдыз ⭐:
Тілек 🎈:

🏠🤖 Үй тапсырмасы — Зерттеу + ИИ (0–1 мин)

Тақырып: «Менің мектепке жолым». Апта ішінде 3 күн дерек жина: қашықтық (км) және уақыт (мин).

ИИ құралы: ChatGPT. Промпт үлгісі: «Менің деректерім: 1күн — 2,4 км, 18 мин; 2күн — 2,4 км, 16 мин; 3күн — 2,4 км, 20 мин. Орташа жылдамдықты есепте, бірліктерін тексер, жақсарту жолдарын ұсын»

Күн	s (км)	t (мин)	Ескертпе
1-күн			
2-күн			
3-күн			
ЖИЫНТЫҚ	Σs = _____ км	Σt = _____ мин	$\bar{v}$ = _____ км/сағ

Ескерту: қозғалыс кезінде телефон қолданба! Қауіпсіздік әрдайым бірінші орында.

«АУТИЗМ СПЕКТРІНІҢ БҰЗЫЛУЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУ»

Закария Сағыныш Есетқызы
Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы
«Ақтөбе облыстық арнайы мектебі» КММ-нің дефектологы,
педагогика ғылымдарының магистры

Аңдатпа
Мақалада аутизм спектрі бұзылған балаларда байланыстырып сөйлеу ұғымының ерекшеліктері қарастырылады. Байланыстырып сөйлеу формаларының дамуы сөйлеу қызметінің жалпы қалыптасуында маңызды рөл атқарып, сөйлеуді дамыту жүйесінде ерекше орын алады. Біртұтас сөйлеуді оқыту баланың ана тілін тәжірибелік тұрғыда меңгеру құралы әрі мақсаты болып табылады. Сөйлеу әрекетінің барлық құрамдас бөліктерін толық меңгеру балаларға тілдік бірліктерді өздігінен қолдануға мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың сөйлеуін логикалық түрде байланыстырып, мазмұнды және толық жеткізу қабілетін дамытуға негізгі жағдай жасайды және байланыстырып сөйлеуді жетілдірудің маңызды факторы болып табылады.
Түйінді сөздер: байланыстырып сөйлеу, аутизм, аутизм спектрі бұзылыстары, коммуникативтік функция.

РАЗВИТИЕ СВЯЗНОЙ РЕЧИ У ДЕТЕЙ С РАССТРОЙСТВАМИ АУТИСТИЧЕСКОГО СПЕКТРА

Аннотация
В статье рассматриваются особенности формирования связной речи у детей с расстройствами аутистического спектра. Развитие структур связной речи является значимым компонентом речевого онтогенеза и занимает особое место в системе работы по развитию речи. Обучение связной речи выступает средством и целью практического овладения родным языком. Полное освоение всех компонентов речевой деятельности не только позволяет детям самостоятельно использовать языковые единицы, но и создает основные условия для развития способности логически связывать речь, передавать содержание полно и осмысленно, а также является важным фактором совершенствования связной речи.
Ключевые слова: связная речь, аутизм, расстройства аутистического спектра, коммуникативная функция.

Ерте балалық аутизмнің айқын белгілерінің бірі – сөйлеу әрекетінің бұзылуы. Бұл ерекшелік аутизмге тән коммуникативтік өзара әрекет пен әлеуметтік мінез-құлықтың қалыптаспауымен тығыз байланысты. Психология және арнайы педагогика саласындағы көптеген зерттеушілер (Исаев Д.Н., Каган В.Е., Лебединская К.С., Никольская О.С., Мастюкова Е.М. және басқалары) АСБ бар балаларда коммуникативтік функциялар жүйелі түрде бұзылатынын атап өтеді.

Зерттеулерде психикалық белсенділіктің төмендігі, акустикалық және семантикалық сөйлеу компоненттерінің бір-біріне сәйкес келмеуі жиі сипатталады (Лебединская К.С., Никольская О.С.) [1]. Мұндай балаларда сөйлеудің пайда болу уақыты олардың қарым-қатынас мақсатына сөйлеуді қаншалықты пайдалануымен байланысты болмайды. Олар сирек сұрақ қояды, ересектердің сұрақтарына жауап бермейді, алайда автономды сөздік қоры кей жағдайда жоғары болуы мүмкін.

Авторлар аутизмге тән сөйлеу ерекшеліктерін былай жіктейді:

1. еріксіз эхолалия;
2. дыбыстар мен буындардың орынсыз қайталануы;
3. интонацияның ерекше сипаты;
4. фонетикалық қателердің

тұрақтылығы;

5. сөз соңында жоғары тональдылыққа бейім дауыс;

6. өзін 2–3 жақта атау әдеті;

7. жақын адамдарды атайтын сөздердің белсенді сөздікте болмауы.

Кейбір балаларда сөйлеу қалыпты немесе тіпті жеделдетілген қарқынмен дамуы мүмкін, алайда үш жасқа таман сөйлеудің баяу және біртіндеп жойылуы байқалады (Ладыженская Т.А.) [2].

Көбінесе аутистикалық бұзылулары бар бала айналасындағы адамдармен сөйлесуді мүлдем тоқтатуы мүмкін, бірақ баланың ұйқы кезеңінде өзімен сөйлесе алатынын байқауға болады. Сондықтан сөйлеу функциясы коммуникативті ретінде дамымайды. Ауызша қарым- қатынастың бұзылуы сөйлеудің жоғалуымен және имитациялар мен қимылдар санының төмендеуімен тығыз байланысты. Аутизм спектрінің бұзылуы бар балалар қарым-қатынаста толыққанды сөйлеуді сирек қолдана алады. Үлкен мектепке дейінгі жаста аутизммен ауыратын балалар бейтаныс ортада нашар сөйлей алады. Көбінесе оларда тұрақты аграмматизмдер және жеке есімдіктер мен "иә" деген мақал-мәтелдер қолданылмауы мүмкін [3].

Сөйлеу бұзылыстары және олардың аутизмдегі көріністері өте алуан түрлі және олардың ауырлық дәрежесінде күрт ерекшеленеді. Аутизм саласындағы зерттеулер үш бағытта жүргізілді:

- клиникалық;
- клиникалық-психологиялық;
- педагогикалық.

Аутизм спектрі бұзылыстары бар балалар көп жағдайда қарым-қатынасты мүлдем бастамайды, ал ұйқы алдында өзімен-өзі сыбырлап сөйлесуі мүмкін. Сондықтан сөйлеудің коммуникативтік қызметі толық дамымайды. Сөйлеу дағдысының шектелуі имитацияның, қимылдық жауаптардың әлсіреуімен қатар жүреді. Үлкен жаста аграмматизмдер, есімдіктерді қолданбау, «иә/жоқ» сияқты қарапайым тілдік үлгілердің болмауы жиі кездеседі [3].

Сөйлеу бұзылыстарының алуан түрлілігі аутизм бойынша жүргізілген клиникалық, клиникалық-психологиялық және педагогикалық зерттеулерде жан-жақты сипатталады. Ф.А. Сохиннің пікірінше, байланыстырып сөйлеу – баланың тілдік жүйені меңгеру деңгейін көрсететін маңызды көрсеткіш. Диалог пен монолог сөйлеудің негізгі формалары ретінде байланыстылықтың әртүрлі механизмдерін іске қосады. Диалог репликалардың алмасуына сүйенсе, монолог құрылымдалған, жүйелі мәтінді талап етеді.

Аутизм спектрінің бұзылуы кезінде тән белгілер-сөйлеудің тұрақты бұзылуы, онда сөйлеу байланысы күрт шектеледі, кейде толық мутизмге дейін, фонетиканың өзіндік бұзылыстары, сөйлеудің лексикалық-грамматикалық жағының толық дамуы және сөйлемнің немесе сөйлемнің соңына дейін жоғары кілттің болуымен дауыстың өзгеруі, екінші және үшінші тұлғада өзін ұзақ уақыт атау және т. б.

Сөйлеу-бұл баланың дамуындағы, оның білімі мен дағдыларын игеруіндегі, басқа адамдармен ауызша қарым-қатынас жасау мүмкіндігі үшін өте маңызды фактор.

Сөйлеу-бұл мидың барлық психикалық процестерінің үйлесімді әрекетінің нәтижесі.

Сөйлеу қабілеті бұзылған аутизм спектрінің бұзылуы бар балалар ең терең аффективті бұзылулармен, психикалық тонустың күрт төмендеуімен, ерікті іс-әрекеттің, фокустың ауыр бұзылуларымен ерекшеленеді, олар сыртқы әлеммен қарым-қатынас жасау қажеттілігін сезінбейді.

Л.С. Выготский еңбектерінде ұсынылған психологиялық периодизация, А.К. Маркова толықтырған жүйеге сүйеніп, сөйлеудің даму заңдылықтарын төмендегідей көрсетеді [4]:

1. Қарым-қатынас әлеуметтік міндеттерді шешудің негізгі құралы болып

табылады;

2. Әр даму кезеңі міндетті түрде алдыңғы және кейінгі кезеңдермен байланыста болуы тиіс;

3. Баланың физикалық және психикалық дамуының әр сатысында сөйлеу әрекетінің дамуы жетекші қызмет түрімен анықталады;

4. Жалпы психорелевтік даму фактілері кезеңдерге сәйкес бағаланады;

5. Сөйлеу іс-әрекетінің дамуы әр кезеңде оның құрылымдық бөліктерін саралау арқылы жүзеге асады.

Дамудың негізгі кезеңдері

Нәрестелік кезең (0–1 жас)

- Жақын және таныс адамдардың дауыстарына реакция білдіру.
- Күлімсіреу, сыбыр, күлу, жест-ишара арқылы экспрессивті қарым-қатынас көрсету.
- Сөйлеудің экспрессивті функцияларының алғашқы көрінісі пайда болады.

Ерте жас (1–3 жас)

- Сөздің жалпыламалы функциясы қалыптасады (номинация), заттарды тиісті атаулармен атай бастайды.
- Сөздік қоры кеңейеді; сөйлеу мен ойлау процестері өзара байланысады.
- Қарым-қатынас пен жалпылау біртұтас формада іске асады; сөздер индикативті қызмет атқарады.

Мектепке дейінгі жас (3–6/7 жас)

- Жетекші іс-әрекет – ойын.
- Сөйлеу әрекеті ойын арқылы көрінеді; сөйлеу функциясы реттеуші, жоспарлаушы және коммуникативтік болады.
- Диалогтық және монологиялық сөйлеу қалыптасады, тілдік құралдардың қарапайым таңдалуы байқалады.
- Балалар оқуды және кейбір жағдайларда жазуды меңгереді, көркем әдебиетпен таныса бастайды.

Сөйлеудің психологиялық периодизациясы әлеуметтік контекстке сәйкес жүргізілуі қажет. Бұл балаларға қоршаған шындықты түсіндіруді, жаңа білімді меңгеруді және сөйлеу дағдыларын ерте бастан қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Сөйлеу дамуының психологиялық периодизациясы осы процестің әлеуметтік фонын қамтуы керек, бірақ лингвистикалық периодизациялар бар, онда олар әлеуметтік өмірмен аз байланысады, бұл тілдің барлық жаңа құрылымдары мен құралдарын, сондай-ақ басқа да маңызды жүйелерді сөйлеу қызметіне енгізуді нақтылайды.

Жоғарыда сипатталған мерзімдерге сүйене отырып, баланы қоршаған шындықпен таныстыру өте ерте басталады және тікелей сөзбен жүреді деген қорытынды шығады. Сөздердің көмегімен балалар ересектерден жаңа білім алады. Алдымен бұл білім қарапайым, бірақ содан кейін тереңдей түседі. Сондықтан баланың сөйлеуін дамыту үшін, қалыпты дамып келе жатқан дамумен, өмірдің алғашқы күндерінен бастап қарым-қатынас пен сөйлеу ортасы қажет болады [5]. Мұндай даму барысы бар балалардағы сөйлеу бұзылыстарын түзету мүмкіндігінше ертерек басталуы керек, өйткені мамандардың бүкіл тобының (психолог, логопед) жүйелі жұмысының өте ұзақ кезеңі қажет. Кешенді, мақсатты жұмыс жағдайында да аутизм спектрінің бұзылуы бар оқушыда дамыған коммуникативті сөйлеуді қалыптастыру өте қиын.

Аутизм спектрінің бұзылуы бар балалармен түзету жұмысының бағдарламасы балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, арнайы оқу жағдайларын құруды қарастырады, мысалы:

- көрнекі кестені пайдалану;
- көрнекі белгілер;
- қадамдық әрекет алгоритмі;
- ынталандыру және ынталандыру.

Түзету жұмыстарын іске асырудың негізгі тетіктерінің бірі-мүмкіндігі шектеулі балаларды жүйелі сүйемелдеуді қамтамасыз ететін әртүрлі бейіндегі мамандардың оңтайлы құрылған өзара іс-қимылы. Аутизм спектрінің бұзылуы бар оқушылар мамандардың кәсіби командасынан (бастауыш сынып мұғалімі, логопед мұғалімі, педагог психолог)

кешенді психологиялық-педагогикалық көмек алуы тиіс. Түзету жұмыстары оқу жоспарының пәндерін, арнайы курстарды және жеке/кіші топтық сабақтарды зерделеу кезінде бүкіл оқу- тәрбие процесі барысында жүзеге асырылады.

Түзету жұмысының бағдарламасын қалыптастыру принциптері

Баланың мүдделерін сақтау. Принцип баланың мәселесін барынша тиімді және баланың мүддесі үшін шешуге арналған маманның ұстанымын анықтайды.

Білім беру бағдарламасын құруға сараланған тәсілді қолдану аутизм спектрінің бұзылуы бар білім алушыларға жеке даму әлеуетін іске асыруға мүмкіндік бере отырып, білім беру мазмұнының өзгергіштігін қамтамасыз етеді.

Белсенділік тәсілі отандық психологиялық ғылымның теориялық ережелеріне негізделеді, ол аутизм спектрінің бұзылуы бар оқушының жеке басының даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім берудің негізгі заңдылықтары мен құрылымын ашады.

Білім берудегі белсенділік тәсілі мектеп жасындағы аутизм спектрінің бұзылуынан бастап білім алушылардың жеке басының дамуы олардың қол жетімді қызметін (пәндік- практикалық және оқу) ұйымдастыру сипатымен анықталатындығын мойындауға негізделген.

Аутизм спектрінің бұзылуы мен ауыратын балалардың түзету-дамыту бағыты міндетті болып табылады және дамудың кемшіліктерін түзетуге және қазіргі өмір жағдайында жеке тұлғаны бейімдеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған фронтальды және жеке түзету-дамыту сабақтарымен ұсынылған.

Түзету жұмыстарының принциптері:

Білім алушының мүдделеріне басымдық беру қағидаты әрбір білім алушының жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оның дамуына көмек көрсету процесінде ұйым қызметкерлерінің көзқарасын айқындайды[6].

Жүйелілік принципі-түзету-тәрбие жұмысының барлық элементтерінің бірлігін қамтамасыз етеді: мақсаттар мен міндеттер, іске асыру бағыттары мен мазмұны, ұйымдастыру формалары, әдістері мен әдістері, қатысушылардың өзара әрекеттесуі.

Үздіксіздік принципі оқушының жеке дамуындағы өзгерістерді ескере отырып, бүкіл оқу барысында түзету жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етеді.

Вариация принципі білім алушылармен олардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен психофизикалық даму мүмкіндіктерін ескере отырып, түзету жұмыстарының вариативті бағдарламаларын құруды қамтиды.

Түзету-тәрбие жұмысының міндеттерін кешенді шешу жөніндегі қызметтегі психологиялық-педагогикалық және медициналық блок мамандарының өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық және медициналық құралдардың бірлігі қағидаты.

Отбасымен ынтымақтастық принципі отбасын түзету жұмыстарының маңызды қатысушысы ретінде тануға негізделген, ол баланың даму процесіне және оның қоғамға интеграциялануының сәттілігіне айтарлықтай әсер етеді.

Түзету жұмыстарының мазмұны:

- байланыстырып сөйлеуді дамытуға бағытталған арнайы жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін анықтау және сынақтан өткізу мыналарды қамтиды:
- жұмсақ режимді ұйымдастыру;
- ритақ сезімін дамыту;
- пассивті сөздікті арттыру;
- экспрессивті сөйлеуді белсендіру.

Аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларда үйлесімді сөйлеуді қалыптастыру мәселесі бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдай отырып, сонымен қатар жүргізілген зерттеу нәтижелері бірқатар тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, сөйлеу баланың

дамуында, оның білімі мен дағдыларын игеруінде, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігі үшін өте маңызды фактор болып табылады. Жалпы сөйлеудің де, біртұтас сөйлеудің де дамуы аутизмі бар балаларда қалыпты дамып келе жатқан балалардан күрт ерекшеленеді.

Екіншіден, аутизм спектрінің бұзылуы сөйлеудің бұзылуы тән белгілер болып табылады, мұнда сөйлеу байланысы күрт шектелген, фонетиканың өзіндік бұзылыстары, сөйлеудің лексикалық-грамматикалық жағының толық дамуы емес. Аутизм спектрінің бұзылуы бар балалар жағдайдың жалпы бейнесін қабылдауда, нұсқауларды түсінуде қиындықтарға тап болады;

- аграмматизмдер;
- сөйлеудің прозодикалық жағының кемшіліктері: қарқын, интонация;
- негізгі оқиғаларды өткізіп жіберу, жеке эпизодтарды қайталау;
- бір-бірімен байланысты емес аяқталмаған сөйлемдерді қолдану;
- сөйлеудің үзіндісі және ассоциациялардың бұзылуы;
- диалогта бастаманың болмауы, диалогтық қарым-қатынастан аулақ болу;
- қарым-қатынастың қиындықтары.

Үшіншіден, аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларда үйлесімді сөйлеуді қалыптастыру бойынша логопедиялық жұмыстың түзету жаттығуларының кешені әзірленді және сыналды. Жұмысқа Т.П. Бессонова, О. Е. Грибова, Р. И. Лалаева, Л. Г. Нуриева, С. С. Морозова әдістемелері енгізілді[7].

Аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларда сөйлеуді қалыптастыру бойынша жұмыс жеке және баланың даму деңгейіне сәйкес болуы керек. Сонымен бірге сөйлеуді қалыптастыру бойынша жұмыс күрделі және ұзақ уақытқа созылуы мүмкін.

Аутизмде сөйлеу, жеке функция ретінде, қалыпты және тіпті жеделдетілген қарқынмен дами алады. Оның даму қарқыны қалыпты дамып келе жатқан құрдастарынан асып түсуі мүмкін. Алайда, көп ұзамай кері процесс байқалады, үш жасында мұндай балалардың сөйлеуі баяу жоғалады, содан кейін мүлдем жоғалып кетуі мүмкін.

Осылайша, зерттеуден жалпы сөйлеудің де, байланыстырып сөйлеудің де дамуы аутизм спектрінің бұзылуы бар балаларда қалыпты дамып келе жатқан балалардан күрт ерекшеленетінін көруге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Лебединская К. С., Никольская О. С. Диагностика раннего детского аутизма: Нач. проявления. - М.: Просвещение, 1991. - 53 с.

2. Ладыженская Т.А. Система работы по развитию связной речи. / Т.А. Ладыженская. - М., 1975

3. Нуриева Л.Г. Развитие речи у аутичных детей: метод.разр/ Л.Г. Нуриева – Изд.2-е. – М.: Теревинф, 2006 – 112 с.Бардышевская М.К., Лебединский В.В. Диагностика эмоциональных нарушений у детей: Учеб. пособие. М., 2003. - 221 с.

4. Выготский, Л.С. Основы дефектологии. [Текст] / Л.С. Выготский // Учебник для вузов. Специальная литература. // - СПб.: Лань., 2003. - 656с.

5. Воробьева В.К. Методика развития связной речи у детей с системным недоразвитием речи: учеб. пособие / В.К. Воробьева. - М.: АСТ: Астрель: Транзиткнига, 2006. — 158с.

6. Глухов В.П. Формирование связной монологической речи у детей с ОНР в процессе обучения пересказу [Текст] / В.П. Глухов // Дефектология. - 1989. - № 1. - 69-76 с.

7. Морозова С.С.Аутизм: коррекционная работа при тяжелых и осложненных формах:пособие для учителя-дефектолога / С.С. Морозова. — М.: Гуманитар, изд. центр ВЛАДОС, 2007. — 176 с.: ил. — (Коррекционная.педагогика)

«МАМАНДЫҚТЫ ДҰРЫС ТАҢДАУ – ӨМІРДІҢ КІЛТІ»

Каймолдина Майя Есетовна
Хромтау қаласы №7Хромтау мектеп-гимназиясы
(мектеп жанындағы интернатымен) КММ-нің педагог -психологі

Мақсаты: Оқушылардың кәсіби бағдарын айқындау, қызығушылығы мен бейімділігіне сай болашақ мамандықты дұрыс таңдауға бағыт беру.
Міндеттері:
- Оқушылардың өз қабілеттерін тануына көмектесу;
- Мамандық түрлері туралы мағлұмат беру;
- Мамандық таңдауда ата-ана, қоғам, ортаның ықпалы жайлы ой қозғау;
- Жауапкершілік пен саналы таңдау жасауға үйрету.
Қатысушылар:
9–11 сынып оқушылары
Тренинг құрылымы:
1. Танысу жаттығуы: «Мен кім болғым келеді?»
2. Топтық жұмыс: «Мамандықтар әлемі» (әр топ мамандықты жарнамалайды)
Мақсаты:
Мамандықтардың қоғамдағы маңызын түсіндіру, оқушылардың коммуникативтік және шығармашылық дағдыларын дамыту.
Өткізу барысы:
1. Қатысушылар топқа бөлінеді.
2. Әр топқа бір мамандық ұсынылады (мысалы: дәрігер, мұғалім, инженер, заңгер, бағдарламашы, т.б.).
3. Тапсырма: Топ 7–10 минут ішінде өздеріне берілген мамандықты жарнамалайды. - Ол мамандық не үшін маңызды?
- Қандай қасиеттер керек?
- Неліктен бұл мамандықты таңдау керек?
- Қызықты бір ұран (слоган) ойлап табу.
4. Әр топ өз жарнамасын таныстырады (постер, шағын көрініс, сахналық элемент немесе сөздік презентация арқылы).
Қорытынды сұрақтар:
- Осы мамандық сізге ұнай ма?
- Өзіңізге қандай мамандық жақын деп ойлайсыз?

2. **Ой қозғау: «Мамандық – табыстың бастауы» (пікірталас)**
Мақсаты: Оқушылардың болашақ мамандыққа көзқарасын анықтау, өз ойын ашық жеткізуге, талдауға, пікір алмасуға дағдыландыру.
Өткізу барысы:
1. Психолог сұрақ қояды:
– «Мамандық – табыстың бастауы» дегенді қалай түсінесіңдер?
– Адам тек жақсы табыс үшін мамандық таңдай ма, әлде қызығушылық маңызды ма?
2. Оқушылар екі топқа бөлінеді:
- Бір топ «Иә, табыс – басты фактор» деп қорғайды.
- Екінші топ «Жоқ, бастысы – қызығушылық пен қабілет» деп дәлел келтіреді. 3. Әр топ өз көзқарасын дәлелдеп, нақты мысалдар келтіреді.
Уақыт: 3–5 минут.
4. Қорытынды:
– Пікір алмасу арқылы әр оқушы өз ұстанымын негіздеп айтып шығады.
– Жетекші (психолог/мұғалім) соңында қорытындылап:
"Табысты болудың негізі – сүйікті ісіңді дұрыс таңдауда. Тек ақша үшін емес, өзіңнің мүмкіндігің мен қызығушылығың тоғысқан мамандық қана өмірлік бақыт пен жетістікке жеткізеді."

4. «Бес қадам» жаттығуы: Мамандыққа жету жолдары
Мақсаты: Оқушылардың болашаққа жоспар құра білуін дамыту, мамандыққа жетудің нақты қадамдарын ойластыру.
1. Оқушыларға бос шаблон таратылады немесе тақтаға сызба түсіріледі:

- 1-қадам: Қызығушылығым қандай?
- 2-қадам: Қабілетім мен күшті тұстарым?
- 3-қадам: Қай оқу орнына түсем?
- 4-қадам: Қандай қиындықтар болуы мүмкін?
- 5-қадам: Қалай жетем? Қандай әрекет жасаймын?

2. Әр оқушы осы 5 қадамға өз жауаптарын жазып толтырады.
3. Кейбір оқушылар өз жоспарларын ортаға салып таныстырады.
Қорытынды:
– Әр оқушы болашақ мамандығына жету үшін қандай нақты қадамдар жасау керектігін түсінеді.
– Мақсат қою мен жоспарлау дағдысы дамиды.

6. Рефлексия: «Менің бүгінгі түсінгенім…»
Қорытынды:
Оқушылар өз қызығушылықтарын саралап, болашақ мамандық таңдауына бір қадам жақындай түседі.

ФОСФОР И ЕГО СОЕДИНЕНИЯ

Киреева Айслу Таупазеевна
учитель химии КГУ Средней школы №35 имени Х.Досмухамедулы город Актобе

Раздел:	9.3А Элементы 17 (VII), 16 (VI), 15 (V), 14 (VI) групп и их соединения	
Класс: 9	Количество присутствующих:	Количество отсутствующих:
Тема урока	Фосфор и его соединения	
Цели обучения в соответствии с учебной программой	9.2.1.22-сравнивать аллотропные модификации фосфора 9.4.2.2 -называть месторождения соединений фосфора в Казахстане 9.2.1.23 -объяснять общие химические свойства фосфора и его соединений	
Цели урока	- сравнивать аллотропные модификации фосфора - называть месторождения соединений фосфора в Казахстане - объяснять общие химические свойства фосфора и его соединений **Цель для учащихся с ООП:** -определять химические свойства фосфора -определять год открытия фосфора	

Ход урока

Этап урока/ Время	Действия педагога	Действия ученика	Оценивание	Ресурсы
Начало урока 5мин	Организационный момент Добрый день, уважаемые гости и ребята! Если день начинать с улыбки, то можно надеяться, что он пройдет удачно. Давайте сегодняшнее занятие проведем с улыбкой. Главная задача – быть внимательными, активными, находчивыми, а главное – трудолюбивыми Вспомним пройденный материал «Азот и его соединения» **игра Quizizz**		2 балла	Презентация карточки

	Посмотрите фрагмент фильма «Приключения Шерлока Холмса. Собака Баскервиллей». Вспомним рассказ «Собака Баскервиллей» Конан Дойла. Вот что увидел доктор Ватсон: “Это была собака, огромная, чёрная как смоль. Ее пасть светилась голубоватым пламенем, глубоко сидящие дикие глаза метали искры, по загривку вырывался мерцающий огонь. Я дотронулся до этой светящейся головы и, отняв руку, увидел, что мои пальцы тоже засветились в темноте. - В этом рассказе о каком элементе говорится? Определяют тему и цель урока. на слайде	Учащиеся анализируют фрагмент фильма выполняют задания, выходят к названию темы урока и целям урока.		
Середина урока 25 мин	**Ребята ,охарактеризуйте фосфор как химический элемент в ПСХЭ Д.И. Менделеева** **в рабочие листы запишите эту информацию** Прежде **чем вести разговор о фосфоре как о простом веществе, сначала совершим экскурс в 17 век. Из всех древних элементов только фосфор имеет точную дату открытия.1669 год** **Внимание на доску нейросеть** **Х.Брандт** Обратите внимание Брандт получил из мочи . Он основа нервных ,мышечных мозговых и костных тканей т.е. Элемент жизни и мысли. **Фосфор один из элементов самых богатых аллотропными модификациями: белый, красный.черный,розовый, фиолетовый, алый.** Каждой группе даётся задание ознакомиться со своей частью темы, страница47 таблица 26 обсудить в группе, поделиться прочитанным, затем спикеры выступают	**Раздать рабочие листы** Учащиеся работают в группах. ответы на карточках : о модифика	4 балла	Карточки, А3, маркеры, учебник, таблица Менделеева

	1 группе указать, все о красном фосфоре 2 группе указать, все о белом фосфоре 3 группе указать, все о черном фосфоре **1 группе** необходимо рассмотреть распространение фосфора в природе. **2 группе** зафиксировать физические и химические свойства элемента. **3 группе** рассмотреть основные соединения фосфора. Дескриптор: -определить распространение фосфора в природе -объяснить физические и химические свойства элемента -определить основные соединения фосфора **Опыт : Качественная реакция на фосфат ион :** H3 PO4 +AgNO3=Ag3PO4+ 3HNO3 Фосфор реагирует и со сложными веществами, например, с бертолетовой солью $KCLO_3$ $5KCLO_3 + 6P = 3P_2O_5 + 5KCL$ Такая реакция происходит, когда мы зажигаем спички. В головке спичек содержится бертолетова соль, в намазке шкурки – красный фосфор **Задача:** Вычислите массу фосфора, который надо сжечь в кислороде для получения оксида фосфора(V) массой 3,55 г?	циях фосфора учащиеся записывают на рабочих листах Демонстрация опыта Учащиеся решают задачу		
Конец урока 10 мин	Wordwallnet. play/ Уровень А (задания для учащихся с ООП) Выполните тест: 1. В каком из перечисленных соединениях степень окисления фосфора равны +3 А. P_2O_5 Б. $NaPO_3$ В. Na_3PO_4 Г. PCl_3 2. Какое из перечисленных веществ взаимодействует с оксидом фосфора (V) А. оксид серы (IV) Б. гидроксид натрия В. Кислород Г. серная кислота	Выполняют задания для ФО	4 балла	карточки

	3. В каком году был открыт фосфор А. 1996 Б. 1969 В. 1669 Г. 1696 4. Составьте уравнение реакции горения фосфора. Коэффициент перед формулой восстановителя равен А. 1 Б. 2 В. 5 Г. 4 5. Определите число протонов и нейтронов в ядре атома фосфора А. p15 и n16 Б. p31 и n15 В. p16 и n31 Г. p16 и n6 Дескриптор: -выбирают один правильный ответ Уровень В **Такой разный фосфор** Фосфор – один из распространённых элементов земной коры, он входит в первую двадцатку. Содержится фосфор и в тканях живых организмов – входит в состав белков и других важнейших органических соединений (АТФ, ДНК). Фосфор называют элементом жизни. История его получения относится ещё к временам алхимии. Разорившийся купец и при этом алхимик – самоучка Бранд – в поисках философского камня получил красное «уринное масло». При его дальнейшей дистилляции алхимик заметил образовавшуюся на дне реторты белую пыль. Алхимик решил, что ему удалось извлечь «элементарный огонь». Но не получив желаемого золота, Бранд стал продавать свой секрет по цене, во много раз превосходящей золото, и обогатился на этом. 1. В переводе с греческого название фосфора означает «светоносный». Сегодня известно несколько аллотропных модификаций фосфора – белый, красный, чёрный.			



Какая из этих модификаций стала причиной такого названия химического элемента?

Пожалуй, первое свойство фосфора, которое человек поставил себе на службу, – это горючесть. Горючесть фосфора очень велика и зависит от аллотропной модификации. Фосфор вместе с другими веществами наносится на спичечный коробок и при трении загорается.

1) Какая аллотропная модификация фосфора применяется при производстве спичек?

2) Какое вещество можно увидеть в виде белого дымка в момент зажигания спички? Запишите название и химическую формулу этого вещества.

Уровень С Учитель: теперь вы знаете, что фосфор многоликий. Вспомните, с чего начинался наш урок: с описания события в произведении

«Собака Баскервилей». Теперь вы знаете о химических свойствах фосфора. Так могло ли быть такое в действительности, имеет ли фосфор такие свойства, прав ли был А.Конан Дойль?

Артур Конан Дойль не учел химические Артур Конан Дойль не учел химические свойства фосфора. Да в темноте светится только белый фосфор, но он очень ядовит: 0,1 г. вещества – смертельная доза, и наносить его на морду собаки нельзя, т.к. облизав морду, собака может умереть. Еще белый фосфор на воздухе легко окисляется, переходя при этом в оксид фосфора(V). Как только процесс окисления заканчивается морда собаки перестала бы светится. Оксид фосфора(V) очень гигроскопичное вещество, оно притягивает к себе воду. Помните, что на болотах стоял туман, из которого выскочило «чудовище». Туман – это сконденсированные пары воды. Тогда

	оксид фосфора(V) под действием влаги превращается в фосфорную кислоту. Вот и представьте себе, может ли что-либо сделать собака, обмазанная ядовитым веществом и кислотой? Белый фосфор можно было бы нанести на шерсть собаки, не допустив ее гибели, если смешать его малое количество с вазелином или воском. А может быть использовалось светящее вещество, без запаха в виде пасты, которое называется люминофор, или фосфоры. Он имеет сложный состав и используется как фотолюминисцентный пигмент.	Д.З.параграф 40упр1-5		
Рефлексия 5 мин		Обратная связь, комментарии учащихся и учителя		карточки, маркёры
Здоровье и соблюдение техники безопасности	Соблюдение техники безопасности в кабинете химии			

«БАЛАЛАРДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ»

Кайрашева Аглен Асхаткызы
Ақтөбе қаласы ЖШС «Жайна» балабақшасының тәрбиешісі

Аннотация. Мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық ойлау қабілетін дамыту мәселесі қарастырылған. Теориялық негіздер мен психологиялық ерекшеліктер сипатталып, шығармашылық ойлауды жетілдірудің практикалық тәсілдері ұсынылған. Мақала балалардың қиялын, логикалық және образдық ойлауын дамытуға бағытталған педагогикалық әдістерді қамтиды.

Кілт сөздер:шығармашылық ойлау, мектепке дейінгі балалар, қиял, ойын әдісі, педагогикалық технологиялар

Кіріспе. Шығармашылық ойлау – бұл жаңа идеялар ойлап табу, проблемаларды шешу, қиял мен логиканы үйлестіру қабілеті. Мектепке дейінгі кезеңде балалардың ойлау қабілеті қарқынды дамиды, сондықтан осы кезеңде шығармашылық дағдыларын қалыптастыру маңызды болып табылады. Шығармашылық ойлау тек өнер саласында ғана емес, өмірдің әр түрлі саласында да қажет.

Теориялық бөлім. Балалардың шығармашылық ойлауын дамыту психология және педагогика ғылымдарында кеңінен зерттелген.

Шығармашылық ойлау – Ж. Пиаже мен Л. Выготскийдің зерттеулері бойынша балалардың когнитивті дамуының маңызды көрсеткіші болып табылады. Пиаже балалардың ойлау қабілеті кезеңдік сипатқа ие екенін көрсетсе, Выготский әлеуметтік орта мен педагогикалық ықпалдың шығармашылық дамудағы рөлін айқындаған.

1. Қиял мен образдық ойлау.

- Ж. Пиаже (1964) бойынша, балалардың қиялы мен ойын әрекеттері олардың когнитивті дамуының негізі болып табылады. Образдық ойлау балаларға жаңа идеяларды елестету және проблемаларды шешу жолдарын табуға мүмкіндік береді.

2. Логикалық ойлау және проблемалық шешім.

- Л. Выготский (1978) зерттеулері балалардың логикалық ойлауын дамытуда әлеуметтік өзара әрекеттестік пен педагогикалық бағыттаудың маңыздылығын көрсетеді. Мысалы, топтық ойындар мен тәжірибелер балалардың ойлау дағдыларын жетілдіреді.

3. Эмоциялық сезімталдық.

- С. Т. Шевченко (2010) шығармашылық дамудың эмоционалды компонентін атап көрсеткен. Баланың эмоциялық тәжірибесі қиял мен идеяларды туындатуға әсер етеді.

4. Зерттеушілік қызығушылық.

- Н. В. Смирнова (2016) балалардың эксперименттік әрекеттер арқылы жаңа білім мен дағдыларды меңгеруі шығармашылық ойлаудың негізгі көрсеткіші екенін дәлелдеді.

5. Мотивациялық-еріктік факторлар.

- А. М. Жұмаханова (2015) зерттеуінде балалардың шығармашылық әрекетке ынтасы, қызығушылығы және еріктілік қасиеттерінің қалыптасуы олардың шығармашылық ойлауын дамытуда шешуші рөл атқаратынын көрсетті.

Педагогикалық тұрғыдан шығармашылық ойлауды дамытуда негізгі әдістер мен тәсілдер ретінде: ойын әдісі, жобалық қызмет, көркем-эстетикалық және музыкалық әрекеттер, драматизация мен эксперименттік тәжірибелер қолданылады. Бұл әдістер балалардың қиялы мен логикалық ойлауын үйлестіріп, өздігінен шешім қабылдау қабілетін дамытады.

Практикалық бөлім. Балалардың шығармашылық ойлауын дамытуға арналған практикалық тәсілдер және автордың тәжірибесі:

1. Ойын арқылы дамыту.

- Рөлдік ойындар: «Дүкенші», «Дәрігер», «Үлкен отбасы» сияқты сценарийлер балалардың қиялын дамытады.
- Жұптық және топтық ойындар: балалар өзара әрекеттесіп, идеяларымен бөліседі.
- Нәтижесі: Бұл әдісті жүйелі қолдану нәтижесінде балалар өздігінен шешім қабылдауды үйреніп, жаңа идеялар ұсынуда белсенділік көрсетті.

2. Көркем-эстетикалық әрекеттер.

- Сурет салу, коллаж жасау, мүсіндеу, аралас техника қолдану – баланың қиялы мен көркем ойлауын дамытады.
- Нәтижесі: Балалар өз жұмыстарында жаңа образдар жасап, шығармашылық фантазиясын еркін қолдана бастады.

3. Музыкалық және ырғақтық әрекеттер.

- Ән айту, би билеу, импровизация – балалардың эмоциялық және логикалық ойлауын үйлестіреді.
- Нәтижесі: Музыкалық іс-әрекеттер балалардың эмоциялық белсенділігін арттырып, топтық ынтымақтастыққа ынталандырды.

4. Драматизация және әңгіме құрастыру.

- Қысқа ертегілерді сахналау, рөлдік ойындар балалардың шығармашылық логикасын дамытуға мүмкіндік береді.
- Нәтижесі: Балалар мәтінді өз сөздерімен толықтырып, қиялын еркін қолданды, әрқайсысы жеке рөлін шығармашылық тұрғыда ойнады.

5. Зерттеушілік тәжірибелер.

- Қарапайым тәжірибелер, табиғат құбылыстарын бақылау балалардың аналитикалық ойлау қабілетін жетілдіреді.
- Нәтижесі: Эксперименттер балалардың сұрақ қою, жаңа болжам жасау және бақылау дағдыларын арттырды, шығармашылық шешім қабылдау қабілетін нығайтты.

Жалпы нәтиже: Тәжірибе көрсеткендей, шығармашылық ойлауды дамытуға бағытталған кешенді әдістемелік тәсілдерді қолдану балалардың қиялын, логикалық және образдық ойлауын жетілдіріп, топтық және жеке жұмыстарда белсенділігін арттырды. Бұл әдістер педагогикалық практикада тиімді және қолданысқа жарамды.

Қорытынды. Балалардың шығармашылық ойлауын дамыту кешенді педагогикалық үдеріс болып табылады. Ғылыми зерттеулер мен практикалық тәжірибелер көрсеткендей, ойын, көркем-эстетикалық, музыкалық, драмалық және зерттеушілік әрекеттер балалардың қиялын, логикалық және образдық ойлауын дамытуға тиімді. Педагогтардың кәсіби шеберлігі мен ата-аналардың қолдауы балалардың шығармашылық әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді. Мұндай жүйелі тәсіл балаларды болашақтағы шығармашылық және интеллектуалды дамуға дайындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аманжолова, Г. К. (2018). *Балалар шығармашылығын дамыту әдістері*. Алматы: КазПедагогика.
2. Бақытжанова, Ж. Т. (2016). *Мектепке дейінгі тәрбие мен шығармашылық.* Алматы: Білім.
3. Есболатова, Л. К. (2017). *Баланың қиялы мен ойлау қабілетін дамыту*. Алматы: КазҰУ.

«ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ПСИХОЛОГТЫҢ ҚОЛДАНАТЫН АРТ-ТЕРАПИЯ ТҮРЛЕРІ»



Кулекеева Айсана Ергалиқызы
«Шалқар ауданындағы психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеті» КММ-нің мұғалім-психологы,
психология ғылымдарының магистрі

Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балалар мен ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың жалпы білім беру ортасына тең дәрежеде қатысуын қамтамасыз ететін жүйе. Мұндай ортада балаға психологиялық қолдау көрсету маңызды, себебі оқушылардың танымдық, эмоциялық және әлеуметтік даму ерекшеліктері әртүрлі. Осы тұрғыдан арт-терапия – баланың ішкі әлемін білдіруге, күш-жігерін дамытуға, бейімделуін жеңілдетуге мүмкіндік беретін тиімді әдіс.Психологтардың тәжірибесінде арт-терапия құралдары мүгедектігі бар балалардың, аутизм спектрі бұзылыстары бар, сөйлеу және эмоционалдық дамуында қиындықтары бар оқушылардың әлеуметтенуін арттыруда ерекше орын алады.

Арт-терапияның инклюзивті ортадағы рөлі:

Инклюзивті білім беру жағдайында арт-терапияның негізгі міндеттері:

- эмоционалдық шиеленісті төмендету;
- өзін-өзі тану мен өз сезімін білдіру дағдысын дамыту;
- қарым-қатынас қиындықтарын жеңілдету;
- ұсақ мотериканы, сенсорлық интеграцияны дамыту;
- өзін-өзі реттеу, мінез-құлықты басқару қабілеттерін қалыптастыру;
- оқу үдерісіне қызығушылығын арттыру.

Арт-терапия балаға вербалды емес жолмен өз ойын жеткізуге мүмкіндік береді, сондықтан тілі толық дамымаған немесе сөйлеуде қиындықтары бар оқушылар үшін өте қолайлы.Инклюзивті білім беру саласындағы арт-терапияның негізгі түрлері

1. Сурет терапиясы (изотерапия)

Сурет салу арқылы бала өзінің эмоцияларын, қорқынышын, тілегін бейнелей алады.

Психолог қолданатын әдістер:

- саусақпен сурет салу;
- гуашь, акварель, пастельмен жұмыс;
- «Менің көңіл күйім», «Бақытты күн», «Менің отбасым» сияқты тақырыптық сурет салу;
- түрлі-түсті тестерді қолдану.

Артықшылықтары: қол моторикасын дамытады, ішкі шиеленісті азайтады, визуалды ойлауды күшейтеді. Кімдерге тиімді: аутизм спектрі бар оқушыларға, сөйлеуі кешігіп дамыған балаларға, эмоционалдық тұрақсыздығы бар балаларға.

2. Музыкалық терапия

Музыка баланың эмоционалдық жай-күйіне тікелей әсер етеді.

Психолог қолданатын формалар:

- тыныштандыратын немесе белсендіретін музыканы тыңдату;
- музыкалық импровизация (шағын аспаптармен: барабан, ксилофон, үшбұрыш);
- ырғақтық қозғалыстар мен би элементтері.

Артықшылықтары: көңіл-күйді реттейді, коммуникацияға ынталандырады, сенсорлық процестерді қалыпқа келтіреді.Кімдерге тиімді: ЗПР, СӨС, есту-сөйлеу бұзылыстары, эмоционалдық-еріктік реттеу қиындықтары бар балаларға.

3. Құм терапиясы

Құммен жұмыс арнайы науада жүргізіледі. Бала құмды ұстап, оның қасиетін сезіне отырып, әртүрлі бейнелер жасайды.

Мақсаттары:

- тактильді сезімталдықты дамыту;
- ішкі уайымдарын сыртқа шығару;
- оқушының ішкі әлемін бейнелеу.

Артықшылығы: қауіпсіздік сезімін береді, агрессияны төмендетеді, ұсақ мотериканы дамытады.Кімдерге тиімді: сенсорлық интеграция бұзылысы бар оқушыларға, алаңдаушылығы жоғары балаларға.

4. Ертегі терапиясы (сказкотерапия)

Ертегі арқылы бала өмірлік жағдайларды символдық түрде түсінуге үйренеді.

Психолог қолданатын әдістер:

- дайын ертегіні оқу және талқылау;
- балаға өз ертегісін ойлап тапқызу;
- ертегіні кейіпкерлер арқылы сахналау.

Пайдасы: қиялды дамытады, мінез-құлық модельдерін дұрыс қалыптастырады, қорқыныштарды өңдейді.

5. Драма-терапия

Рөлдік ойындар, мимика, пантомима элементтері қолданылады.

Мақсаты:

- баланың әлеуметтік дағдыларын дамыту;
- қарым-қатынасқа түсу қабілетін арттыру;
- өз эмоциясын тану және басқару.

Қолданысы: әсіресе аутизм спектрі бар балалар үшін тиімді, өйткені олар әлеуметтік сигналдарды еліктеу арқылы жақсы меңгереді.

6. Коллаж және аппликация терапиясы

Түрлі материалдармен жұмыс істей отырып (қағаз, мата, журнал қиындысы), бала өзін шығармашылық арқылы білдіреді.Артықшылықтары: сенсорлық тәжірибені байытады, қол моторикасын жақсартады, өзін-өзі бағалауды көтереді.

Қорытынды:

